

П И О Н Е Р



МАЙ

1948 ЖЫЛ



КӨТЕРДІ ҰРПАҚ ТУЛАРЫН

Тайыр ЖАРОКОВ

Ленин туын қолға ұстап
Қазақстан жастары,
Жас қырандай дауыстап —
Съезін самғап ашты әні.

Осы топта мыңдаған
Тұлғасын көрем өскен жас,
Еңбегі елге құнды адам,
Іс түйінін шешкен жас.

Бұл лениншіл жас жасақ, —
Ағаларың, балалар,
Кездерің алтын жастық шак
Ағалардан үлгі алар.

Отанында жайнаған
Гүлденетін күшің көп,
Өнеге алып ағадан
Үйренетін ісің көп.

Ағаларың өткізген
Балалықты басынан,
Пионер болып сап тізген
Өздеріңдей жасынан

Партия — ана, оларды
Жасынан баулып үйреткен,
Қырандай бүгін қомданды
Лениншіл жасақ ер жеткен.

Көркейткен гүлдей жер бетін
Лениншіл жас жасағы,
Көрсем күнде келбетін,
Көңілімнен жыр тасады.

Нұрындай өмір өшпейтін
Жеткіншегі елімнің,

Өрлеп өрге өсті еркін
Жас ұрпағы Лениннің.

Желкілетті туларын
Жерде, суда, аспанда,
Бауырлас бәрі туғаным,
Ризамын жастарға.

Даңқты жастар еңбегі
Қолхозды менің даламда
Гүлденгенін көрді елі,
Шабыт берді ол маған да


Желкілетті мамығын
Жеріме аппақ мақтаның,
Бөгеді судың ағынын,
Жас ұрпақ—менің мақтаным!

Кей ағаң — Отан батыры,
Кей ағаң — еңбек ерлері,
Кей ағаң — елдің ақыны,
Кей ағаң — завод зергері.

Кей ағаң — ғылым докторы,
Кей ағаң — ұшқыш көктегі,
Кей ағаң — кеннің шахтері,
Үйренер үлгі көп тегі!

Құн астында ер жетті
Лениншіл жас комсомол,
Қарсы алып жасты келбетті
Соқты алдынан таң самал.

Көтерді ұрпақ туларын
Жерде, суда, аспанда,
Бауырлас бәрі туғаным,
Ризамын жастарға.





ҚЫРЫҚ АЛТЫ ЖЫЛ БҮДЫН

П. ЗАЛОМОВ.

Максим Горькийдің «Ана» атты тамаша повестін барлық балалар да оқыған болар. Горький бұл ұзақ әңгімесінде Петр Андреевич Заломовтың басынан кешірген оқыйғаларын суреттейді. Кітаптың кейіпкері Павел Власов және оның шешесі Ниловнаның өмірі мен Петр Андреевич және оның шешесі Анна Кириловнаның өмірінің арасында көп ұқсастықтар бар.

Біз төменде Петр Андреевич Заломовтың 1902 жылғы 1 Май мейрамының Нижний-Новгород (қазіргі Горький қаласы) жанындағы жұмысшы поселкесі Сормовода қалай өткендігі жөнінде есте қалған әңгімелерін басып отырмыз.

Петр Андреевич—қарт большевик. Ол жас кезінен бастап заводта жұмыс істеген. Ол мұнда жүріп жұмысшылардың жасырын үйірмесіне кіріп, кейіннен Россияның социал-демократ жұмысшы партиясына (РСДЖП) мүше болған.

Одан бері қырық алты жыл өтті.

Мен басымнап талай-талай оқыйғаларды көшірдім. Олардың қайсы бірі қазір ұмыт та болыпты, бірақта 1902 жылғы 1 Май менің әлі есімде. Бұл күн кешеге ғана болып өткен оқыйға тәрізді, көз алдымда тұр.

Біз қазір 1 Майды емін-еркін, қуанышты, көңілді мейрамдап өткіземіз. Ал, ол кезде 1 Майды мейрамдауға тыйым салынатын. Біз, Сормово жұмысшылары, маевка жасау үшін поселкенің сыртындағы орман ішінде жасырын бас қосатын едік.

Ол кезде біздің Сормовоның сыртқы пішіні онша-лық көз тартарлық емес болатын. Кішкене үйлері жермен-жекпен, тырбылып жататын. Қыйсық, күңгірт терезелері лас көше жаққа қарайтын. Жазғытұры және күзде бұл көшелермен жүру зор михнат еді, саз-балшыққа белшеңнен бататынсың. Ал, жазды күні шаң-тозаңы бүрқырап, кеудені қабатын. Бұғыл поселкенің үстінен сарайып завод моржалары көрініп тұратын. Сормовоның тұрғылықты халқының көбі, тіпті балалары да, сол заводта жұмыс істейтін. Біз жұмысқа таң сәріден кететінбіз, шаршап-шалдығып, ашырып ымырт жабыла қайтатынбыз.

Маевкаларда біз өзіміздің мұң-мұңтақымыз жайын, патша өкметіне қарсы күрес жайын сөз ететінбіз, революциялық өлеңдер айтатынбыз. Бірақта мұндай маевкаларға көп адам келмейтін, маевка жайын тек сенімді адамдар ғана білетін. РСДЖПның Нижний-Новгородтағы комитеті Сормовода 1902 жылғы 1 Майды ашық мейрамдауды ұйғарды. Біз патша өкметіне қарсы күреске көп халықты аттандырғымыз келді, бұл күні барлық жұмысшыларды көшеге шығаруды ойладық.

Нижний-Новгородта полициядан жасырын біз үшін...

1 Май мейрамы туралы үндеу басылған еді. Бірақ, оны Сормовоға қарай жеткізуіміз керек? Полиция бір нәрсені сезіп-білгендей, біздің ізімізге түсе бастады. Міне, сонда менің аням Анна Кириловна бізге қол қабысын тигізді. Ол шала сауатты әйел еді, революциялық күрестің не екенін нашар түсінетін. Дегенмен ол менің және менің жолдастарымның жүріс-тұрысына үңіле қарап, біздің бір игілікті зор іс бастағалы жүргенімізді түсініп, бізге көмектесуге ризалығын білдірді.

Менің аням Нижний-Новгородқа барып, ондағы даярланған листовкаларды шелекке салып, үстінен аңы қапустамен жауып алады. Поезға кіре берісте ол жандарымды жореді. Өзі жөнінде ешқандай күдік тудырмас үшін жандармның дәл қасына отыра кетеді. Өзі туралы әңгіме қозғайды. Аням: қызымды бір жұмысшыға беріп едім, қазір соған бара жатырмын, көктемде Сормовода қапуста таңсық болғандықтан сәлемдемеге қапуста әкеле жатырмын, — дейді.

Аням жолы болып, үндеу басылған листовкаларды аман-есен Сормовоға алып келді. Біз листовкаларды бұғыл заводқа, поселкеге тараттық.

Мұнан кейін аням Нижний-Новгородтан демонстрацияға берілген туларды алып келді. Біз туларды шырша арасына тығып қойдық.

1 Май тақау қалды. Мейрам қарсаңында біз өте қызу бір жыйналыс өткіздік. Онда екі мәселе қаралды: туды кім ұстап жүру керек және туға қандай жазу жазу керек? Туды мен ұстап жүретін болдым. Ұзақ таластан кейін туға: «Патша өкметі жойылсын, саяси бостандық жасасын!» — деп жазуды ұйғардық.

Міне, 1902 жылдың 1 Майы да келіп жетті. Бұл күні ағарту райы аздап келіспеді, таңертең жауын жау-... Біз, партия мүшелері, бұл күні жұмысқа барма-





дық. Жауын басылғаннан кейін біз Бас көшеге жыйнала бастадық. Мұнда халық көп жыйналған екен. Біз көше бойлап, пін тірескен халықтың арасымен революциялық өлеңдер айтып, «Патша жойылысын, патша өкметі жойылысын!» — деп ұран тастап жүріп келеміз. Біз осылай көшенің бас-аяғына бірнеше рет шығып қайттық. Бір кезде жыйылған топтың ішінен: «Солдаттар келеді!» деген дауыс естілді. Қару-жарақты бүкіл бір рота солдаты қарусыз жұмысшыларды «мойынсұндыру» үшін келген екен.

Мен жолдастарыма, өзіміздің ұйымымызды сақтап қалу үшін, солдаттар тақап келгенде, олардың көпшілігі жыйылған топқа араласып кететін болсын, — дедім. Ту ұстаушы және бірнеше адам солдаттарға қарсы жүрмек болды.


Біздің ешқандай қару-жарағымыз жоқ. Ал, бізге қарсы солдаттар қолдарына мылтық ұстап келеді. Бірақ, біз алға батыл аттап, өлең айтып келеміз. Жұмысшылар тудағы жазылған сөздерді толық оқысын деп біз туды жайып ұстадық. Менімен қатар Михаил Самылин келеді. Біз алғашында «Варшавканы»

жырладық. Одан кейін біреу «Сендер құрбан болдыңдар...» деп бастап жіберді. Ән бүкіл көшені жаңғырықтырды. Барған сайын әнге жаңа дауыстар қосылды. Солдаттар мен арамдыда азғана ғана жер қалды. Офицердің: «Мылтықтарыңды кезеп ұстап, алға ұмтылыңдар!» — деген дауысы бізге анық естілді. Алдынала келісім бойынша, демонстрацияға қатысушылардың көпшілігі халықтың ішіне сіңіп кетті. Мен ту ұстап солдаттарға қарай жүре бердім... Істің арғы жағы тез тынды. Офицер менің қолымдағы туды жұлып алды, мені бірнеше солдат табанда тарпа бас салып кеудеге, арқара сабады. Содан кейін полиция учаскесіне жіберді.

Менен басқа тағы бірнеше жолдастарды РСДЖП Сормово ұйымының мүшелері Самылинді, Быковты, Дружклинді, Фроловты және партияда жоқ ұста Ляпинді ұстап әкетті. Көп ұзамай бізге сот болды. Біздің жолдастарымыздың бәрі де сотта өздерін өздері жақсы ұстады. Мен сотқа жұмысшылардың пұрсатсыз өмірі жөніндегі пікірімді, біз, партия мүшелері, халыққа бостандық әсергентіше күресті тоқтатпайтындығымызды ашық айттым.

Сот бізді Шығыс Сибирьге өмірлік жер аударылысын деп үкім шығарды. Адвокаттар бізге сенатқа кешірім сұрап өтініш беріндер деп ақыл айтты. Бірақ, біз бұдан бас тарттық. Біз патша чиновниктерінен рақым тілегіміз келмеді. Мен Владимир Ильич Лениннің: «өз қарабастарының қамын ескермеуді өтінген Нижегород жұмысшыларының ерлігін «Искрада» атап көрсету хажет-ақ еді», — деп жазғанын мен кейірек оқыдым.

Лениннің бұл сөздері мені зор қуанышқа бөледі, жігеріме-жігер қосып, қайраттандырды. Мен халық үшін қызмет етуді әрқашан өзіме бақыт деп санадым.



КАРЛ МАРКС

(Туғанына 130 жыл толды)

Сан ғасырлар бойы талай игі жақсы адамдар адам қоғамының қанаушылар мен қаналушыларға бөлінуін жоюды, барлық халыққа бірдей әділетті, бақытты өмір орнатуды көздеп, соның жолдарын іздестірді. Талай-талай жолдар табылғандай да болды. Біреулер, қанаушыларға—байларға кісінің еңбегін қанап күнелтушілік қылмыс екенін, бишаралық екенін жақсылап түсіндірсе болғаны, олар мұны түсінеді, қолдағы өкмет билігінен, байлығынан сырт айналатын болады, деп ойлады. Ал, екінші біреулер, байлық біткенді барлық адамға тең етіп бөліп беру керек дегенді айтты. Бірақ, мұның бәрі негізсіз құрғақ қыял ғана еді. Өйткені қанауды жою үшін ең алдымен жеке адамдардың жерді, фабрика, заводтарды, кендерді иемденушілігін жою хажет еді. Сонда ғана жер үстіндегі байлық қоғам меншігіне, халық меншігіне айналмақ. Помещиктер, капиталистер жойылып, халықты ешкім қанамайтындай жағдай тұмақ. Бірақ, помещиктер мен капиталистер қолындағы байлығы мен өкмет билігін өздігінен халыққа ұстата бермейді. Оны тек күшпен, революция жолымен тартып алуға ғана болады.

Міне, бұл мыңда бір дұрыс жолды тапқан жержүзі жұмысшыларының көсемі, данышпан оқымысты Карл Маркс еді.


Карл Маркстің туғанына 130 жыл толды. Ол 1818 жылы майдың 5 күні Германиядағы Трир қаласында туған. Ол революциялық қызметке жас шағынан бастап-ақ араласады. Германияда ол кезде шығатын бірде-бір демократиялық газет—«Рейн газетінің» Маркс редакторы болып істейді. Газет бетінде халық мүддесін қорғайды, неміс шаруаларының ауыр халін жазады. Бірақ, көп ұзамай Маркс, өкмет орындары қудалай бергендіктен, Парижге кетуге мәжбүр болады.

Германия үкметінің талабы бойынша, Маркс 1845 жылы хауіпті революционер ретінде Париждан да жер аударылады. Алғашында Белгияда, соңынан Англияның астанасы Лондонға барып тұрады.

1844 жылы Маркс Парижда тұңғыш рет Энгельспен кездеседі. Бұл екі ұлы адам осыдан бастап өмір бойы айнымас тату дос болып өтеді. Маркс пен Энгельстің ұлы достығы туралы Маркстің шәкірті П. Лафарг былай дейді: «Маркс пен Энгельс біздің заманымызда көне ақындар арман еткен ұлы достықты жүзеге асырды».

Балалар, мейрам күндері халық көшеге қызыл ту ұстап шығады. Ол қызыл тулардың бетіне «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» — деген төрт ауыз сөз алтын әріптермен кестеленген. Өздерің оқыйтын әрбір газет те, кітап та осы төрт сөзбен басталады. Бұл хасиетті сөздер бұдан жүз жыл бұрын айтылған болатын. 1848 жылы Маркс өзінің досы Энгельспен бірге «Коммунист партиясының манифесті» атты кітабын жазды. Бұл кітап «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» деген сөздермен бітеді. Міне, бұл төрт сөз содан бері азаттық үшін күресуші жұмысшылардың жеңіске бастаушы ұраны болып келеді.

Маркстің оқуы—марксизм яки ғылыми коммунизм деп аталады. Бұлай аталу себебі оның адам қоғамы туралы оқуы құрғақ қыял емес, ғылыми заңдарға сүйенген. Маркс пен Энгельс коммунизм үшін күресте жұмысшылардың тұңғыш ұйымы—«Коммунисттер Одағын» құрды. Коммунистердің кімдер екенін, олардың алдарына қойған мақсаттары не екенін Маркс пен Энгельс «Манифесте» ашық айқын айтып берді. Сондықтанда сүйікті көсеміміз Сталин жолдас «Коммунист



Карл Маркстің жұмыс істеп отырған кезі.

партиясының манифестін» — коммунизм жырларының жыры, деп атады.

Маркс шет жерде жүріп тұрмыс тапшылығын көп тартады. Бірақ, ол өзінің революциялық және ғылыми қызметін ешқашан тоқтатқан емес. 1862 жылы өзінің ұлы еңбегі «Капиталдың» бірінші томын жазып бітірді. Қалған екі томы жазылып бітсе де, Маркстің өз тұсында жарыққа шықпады.

Маркс өз тұсында барлық елдердің жұмысшы партияларының ақылкөйі, демберушісі болды. Ол өмірбойы жұмысшы табының қас жауларына қарсы күресті, өзінің барлық өмірін жұмысшы табының ісі үшін сарп етті.

Маркс асқан ғалым оқымысты болған адам. Ол барлық Европа тілінде жақсы оқып, неміс, француз, ағылшын тілдерінде жақсы жаза білген. Маркс елу жасында орыс тілін үйренуге кіріседі. Жарты жыл өтпей-ақ, ол орыс ақын, жазушыларының шығармаларын өз бетінше еркін оқыйтын болады.


Быйыл Москваға Маркстің жиені, француз коммунист доктор Эдгар Лонге келіп қайтты. Ол астана пионерлерімен кездесіп, оларға ұлы бабасының балаларды қалай жақсы көргендігін, оның қарапайым, кішіпейіл, шат көңілді адам болғандығын айтты.

Бір күні доктор Лонгенің ағасы Жан алты жасар кезінде атасын ат қып жегіп, өзі ат айдаушыға ұқсап бөлмеде ойнап жүреді. Сол кезде үйге Маркстің замандасы Вильгельм Либкнехт келіп кіреді. Ол қаба сақалды зор адам екен. Маркс Жанның екі аты болсын деп замандасын да қасына келіп жегілуге көндіреді. Бұған өзі қатты риза болып қуанады.

Міне, ұлы Маркс осындай кішіпейіл, көңілді адам болған.

Ол 1883 жылы 65 жасында Лондонда қайтыс болды.

Бірақ, Маркстің данышпандық оқуы—ғылыми коммунизм бүкіл дүние жүзі еңбекшілерін бақытқа бастаушы, бақыт жұлдызы ретінде мәңгі жасай бермек.



БІЗДІҢ, МЕКТЕП

КІШКЕНЕ ТАРИХ

Біздің мектептің өзіндік кішкене тарихы бар.

Қазақ халқының тұңғыш көменгер педагогі Ыбырай Алтынсарин қазақ балаларын оқытуды ойлап, 1885—89 жылдары осы мектепті өз қаржысымен салғызған. Ол кезде бұл мектеп «Орыс-қырғыз училищесі» болып аталатын. 1922—23 оқу жылдарынан бастап қана қазақ мектебі болды. Быйыл мектебіміздің жыйырма бес жылдық мерекесі өткізіледі.

Қостанай жастарының көбі өмірге осы үйден аттанды.

Олардың қазір бірі ғалым, бірі жазушы, енді біреулері мемлекет қайраткерлері болды. Олар аңдасанда Қостанай қаласында болғандарында, әуелі осы мектепке кіріп шығады.

— Қарт анамызға сәлем бере келдік, — дейді олар.

Жазушы-педагог Испандияр Бөбеев, КК(б)П Орталық Комитетінің секретары Ильяс Омаров, ҚЛЖО Орталық Комитетінің секретары Әмір Қанафин және Қазақтың Киров атындағы мемлекеттік университетінің доценті, биология ғылымдарының кандидаты Темір Дарқанбаев осы мектепті бітірген.

Осында тәрбиеленген көптеген жастар Москвада, Ленинградта, Алматыда оқып жүр. Москваның Ломоносов атындағы мемлекеттік университетінде оқыптың Қалбай Фанзов пен Қазақтың мемлекеттік университетінде оқыптың Нығмет Түрікпенбаев мектепке хат жазып тұрады.

САПАЛЫ БІЛІМ — ОҚЫТУШЫДАН

Зинаида Алексеевнаны Қостанайда білмейтін адам кемде-кем. Ол 33 жыл бойы оқытушылық қызымет-

те үзбей келеді. Ал, біздің мектепте істегеніне 13 жыл болды.

— Біздің Зинаида Алексеевна, — деп балалар оны мақтанып өте сөйлейді. Балалар өз оқытушысын сүйеді, оны хұрметтейді. Өйткені Зинаида Алексеевна бар білгенін осыларға үйретеді.

Баларына Зинаида Алексеевна республикамызға еңбегі сіңген оқытушы.

Қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беретін Мырзахмет Шахши өткен жылы «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісін алды. Есте болатын нәрсе: саналы білім оқытушыдан, біз оқытушыларымызды сүйе де, хұрметтей де білеміз.

ЖАҚСЫ ОҚУШЫ — МАҚТАНЫШ

Мұхаметқалиева Мария мен Иманбекова Зора быйыл бастауыш мектепті бітіреді. Оқуға түскен жылдарында басқа балаларға қарағанда, оларға оқу ауыр тиді. Екеуі де ауылдан жаңа келген еді. Дегенмен бұлар аз уақыттың ішінде орыс тіліне де жетіліп алды. Жылдың аяғында 1—классты екеуі де озат бітірді. Содан бері бұлардың күнделік дәптерлерінен тек қана бестік бараны көреміз.

VII—класста оқыптың Мағзұм Жақанов пен Базарбай Нұрмұхамбетовты да айтуға болады. Олар үнемі өте жақсы оқумен бірге қорам жұмыстарына да белсене қатысады. Мағзұм мектептегі қабырға газетін шығарса, Базарбай әдебиет үйірмесін басқарады.

Быйыл біздің орта мектепті 15 бала бітіреді. Бұлардың бәрі де жоғарғы оқу орындарына бармақ. Екіпін Махмудов Москваның авиация институтында, Әділпайз Ыдырысов Қазақтың мемлекеттік универси-

тетінде, Қалания Жұмалиева Алматыдағы қыздар институтында оқығысы келеді. Бұл ойлары орындалуына сөз жоқ. Біздің елімізде білімге талпынған адамға жол ашық.

Біз оқу озаттарын мақтан етеміз.

ҮЙІРМЕ — ӨНЕРГЕ ҮЙРЕТЕДІ

Мектебімізде көптеген үйірмелер бар.

Драма-хор үйірмесіне бастапқыда қатысушылар аз еді. Үйірме мүшелері аз күннен соң-ақ өздерін елге таныта бастады. Мереке күндерінде мектепте, қаланың басқа орындарында ойын-сауықтар өткізіп, концерттер беретін болды. Мұны көрген балалардың үйірмеге қатысуға құмарлығы арта түсті. Сөйтіп, үйірме мүшелерінің саны 53-ке өсетті. 6—класстың оқушысы Үміт Сағымбаева мен 5—класстың оқушысы Құлжан Сәрсенова «Қостанайдың әншілері» атанып кетті. Қазір олардың әнін радиодан да еститін болдық.

Жақында ғана әдебиет үйірмесінің мәжлісі болды. Мәжліске үйірменің 20 мүшесінен басқа оқытушылар, институтының студенттері, қаладағы басқа оқу орындарынан бірнеше адамдар келді. X—класстың оқушысы Қалания Жұмалиева ақын Қасым Аманжоловтың «Абдолла» атты поэмасы туралы баяндама жасады. Баяндамадан соң мектептегі өзіміздің «жас ақындарымыз» өлеңдерін оқыды. Бұл да қызық өтті.

Үйірмедегілердің күшімен «Алға» атты қолжазба журнал шығып тұрады. Онда балалардың елең, әңгімелері, тақпақтары жазылады.

Тарих үйірмесінің бір топ мүшелері қазір Қостанай қаласының тарихымен шұғылданып жүр.

ИНТЕРНАТ — ТӘРБИЕ ОРНЫ

Бұл интернат осы мектеппен қоса жасасып келеді. Мектеп қанша баланы оқытып шығарса, интернатта сонша баланы төсегін төсең, ықыласын салып тәрбиеледі.

Қазір интернатта 110 бала жатады. Бұлардың ішінде Отан соғысында қаза тапқандардың балалары, облыс орталығынан қашық, Аманкелді, Торғай аудандары сияқты алыс жерден оқуға келгендер бар.

Балалардың интернатта жатып, сапалы білім алуына бар жағдайлар жасалған. Оқушылар жақсы жабықталған жылы бөлмелерде тұрады. Сабаққа әзірленетін оқу залы, демалыс үйі бар. Оқушылардың күніне үш мәзгіл тамақтанатын асханасы да интернаттың ішінде. Есік алдында кішкене бақша бар. Онда физкультура-спорт алаңы ұйымдастырылған.

- АҒАШ ЕГУ — ИГІЛІКТІ ІС

Өткен жылы мектептің айналасына 300 түп ағаш ектік. Қазір мектебіміздің жан-жағы бау-бақшаға айналып келеді. Мектептің жанында «Пионерлер паркі» деп аталатын үлкен бақша бар. Бұл да осы біздің мектептің оқушыларының еңбегі.

Быйыл тағы да интернат манайына, мектеп алаңына 150 түп ағаш егеміз. Дружина советі әр отряд қанша ағаштан егетінін белгілеп берді. Одан кейін әр звено өздеріне тиісті жұмыстарды бөлісіп алды. Пионерлердің біреуі жер қазса, басқасы су әкеледі, енді біреулері ағаштың түбін отырғызады. Бұл істе жақсы үлгі көрсеткен IV—класстың оқушысы Бақытжан Нұрмұхамбетов, V—класстың оқушысы Құлжан Сәрсенова, VI—класстың оқушысы Әуен Ибрашев және бірнеше пионерлер дружина жыйынында алғыс алды.

Біз мектебімізді бау-бақшаға бөлейміз

Құлпан ҚАЛЫМОВА.

Қостанай қаласындағы Жамбыл атындағы орта мектептің аға пионер вожатыйы.



IV-класс сабақта. Оқытушы Үміт Бекмұхамметова.

Жеңіс ұраны

ЕКІНШІ ДАСТАН

Жұбан МОЛДАҒАЛИЕВ

Ашық аспан, әсем дала,
Маужыратқан майдың күні
Асқақтайды алуан-алуан
Ән, музыка, шаттық үні.

Көшелерде қызыл жалау
Көтергендей көктем желі,
Көрсеткендей жер-жаһанға
Көңілді, шат совет елі.

«Пәлі! Пәлі!» дегізгендей
Қызық думан, ұлы дүбір:
Кавказ, Карпат, Муз мұхиты,
Қыйыр шығыс, Тяньшань, Сибирь—

Отанымның ұлан байтақ
Сары арқасы, кең даласы,
Колхоз аулы, орманшы үйі,
Үлкен-кіші бар қаласы.

Ғаламат зор салтанатқа
Бөленіп бір тағы бүгін,
Жайнап жүзі жарқ-жүрқ етіп
Жатты тойлап Жеңіс күнін.

Жеңімпаз ел — совет халқы,
Жеңісінің еш шегі жоқ,
Бір-біріне тұр ұласып
Жаңа тағы жалғасы боп —

Ұлы еңбек жорығында,
Уқсап батыр жауынгерге,
Жетіп келед менің елім
Жеңістерден жеңістерге.

Сондықтан той жарасымды.
Ол тойламай кім тойласын!
Тойшылардың бірі Ермек —
Жақсы таныс жас жолдасым.



Әрі әдепті ол, әрі зерек,
Әр уақыт жүрмін естіп.
Окуда өрен жүйрік екен —
Дәптерінде толы бестік.

Оқығалы ол үшінші жыл,
Бұл бағадан танған емес.
Ғылымның көп өткелдері,
Әлі алда талай белес.

Көргем оны кеше ғана
Отрядтың ойынында.
Туымызбен түстес қызыл
Галстугі мойынында.

Командирдей балғын Ермек
Жас достарын жүрді бастап.
Шын сүйініп біраз сонда
Көз қыйығын тұрдым тастап.

Әкесін де көрем күнде,
Үйінде оның болдым кеше.
Көп әңгіме-дүкен кұрып,
Отырғанбыз әлденеше.

Бір заводтың жұмысшысы
Әкесі оның (Мұқан аты).
Еңбекте де ел мақтардай,
Күшті бедел-инабаты.

Енді-енді жыл толады
Ол келгелі армиядан.
Ермек жанын етті мақтан
Мұқан талай айтты маған.

«Балаға әке сыншы» деген
Сөзі бар ғой қалың жұрттың,
Келгелі о да баласының
Жүрді сынап мінез-құлқың.

Ақтады Ермек зор үмітті,
Риза әке баласына,
Аялаған алтын бесік —
Ардақты Отан анасына.

Көзбен көріп, құлағымен
Әлденеше есітті ол.
Деген сөзін әркімдердің:
«Бала болсаң, Ермектей бол!»

Жарты әлемді шарлап шығып,
Көпті көрген жауынгердің
Көңілі толды, көріп ұлын,
Даңқына сай пионердің.

... Бүгін осы семьяда
Жатыр тойға той ұласып.
Ермек өте қуанышты,
Жас көңілі отыр тасып.

Қалай тұрсын, шаттанбасын
Болды Ермек інішекті!



Сол нәресте келгендей-ақ
Көріп нұрлы келешекті.

Жатыр міне! Кім боп енді
Аталады жас азамат?
Кім десе жөн, кім деу жақсы?
Қазір соған қойылмақ ат.

Көрші-көлем, жолдас-жора,
Мұқанның көп таныстары
Тойға келіп төргі үйде
Ойлап соны отыр бәрі.

Айтып жатыр кейбіреулер
Ең қалаулы ерлер атын.
Аталды көп атағы үлкен:
Ғалым, дәргер, батыр, ақын...

Шыдай алмай, қонақ жаққа
Кірді Ермек те осы кезде.
Бұған шейін ауыз үйде
Отыр еді түспей көзге.

Көп ойланып тоқсан толғап
Бар еді оның тапқан аты.
Айтпақ соны енді о да,
Болса көптің рухсаты.

Сезгендей-ақ Мұқан соны,
Ермекке өзі деді:
— Улым,
Ағасысын, айтшы ойыңды,
Кім деп қойсақ атын мұның?

Отырған жұрт, ондаған көз
Ермек жаққа қарай қалды.
— Ваня болсын, — деді де ұлан,
Қонақтарға көзін салды.

Көріп көптің таңырқауын,
Жалынғандай енді Ермек:
— Ваня болсын, ең жақсы ат! —
Деді — соны қою керек.

Сонда Мұқан кенет бір зор
Қалғандай боп шомып ойға

Толғанды да тұрды орнынан,
Қарап жұртқа келген тойға:

— Уа, қадірлі қонақтарым,
Өзім де көп ойлап едім.
Жаңа туған жас адамның
Атын Жеңіс қоймақ едім.

Өмір есігін күліп ашқан
Бұл Жеңістің ұланы ғой.
Ермек жанның мына сөзі
Маған бір зор салып тұр ой.

... Қырық үшінші жыл еді бұл.
Салып жауға шабуылды
Смоленскі төңірегінде
Азат еттік бір ауылды.

Осы ауылдың көп адамы
Салу үшін жауға ойран,
Кеткен екен партизан боп,
Қайдасын деп, қалың орман

Партизандар арасында
Ваня деген бала болған.
Жарақ алып жауға шауып,
Өткен алуан ауыр жолдан.

Мұқан ағай осылайша
Әңгіме етті Ваня жайын.
Отыр тындап сүйініп жұрт
Сөз әріге барған сайын.

Отыр олар бас игендей
Жас қыранның ерлігіне,
Улан Ермек ұсынысын
Уқты жаңа енді міне.

— Сол себептен, — деді Мұқан, —
Оның атын сүйеді Ермек.

Қан майданда қаза тапқан
Ваня батыр шын ержүрек.

Арпалыста аянбай ол
Деп: «Өмірім — Отан үшін!»
Танытты ғой халқымыздың
Хасиетін, қайрат-күшін.

Жас болса да, ерлігі зор,
Халқы үшін қыйды жанын.
Тудай сақтап галстугін,
Тіледі елге жеңіс тағын.

Кеудеден дем сарқылғанша,
Қайтпады ол алған беттен.
Жеңді Ваня — халқы жеңді.
Ол осыны арман еткен.

О да бірі жеңімпаздың
Ел сүйінткен ерлік даңқы.
Оның аты күдіретті —
Секілді ұлы орыс халқы.

Жеңістің бір нұрлы әлпеті —
Осы есімде тұрған жоқ па!
Мен Ермекке қосыламын,
Мақұл болса, шаршы топқа...



Отырғандар ду көтеріп
Әкетті іліп: — «Мақұл, мақұл!»
«Ақыл жастан», — деген рас.
«Тапты Ермек, тапқан ақыл!»

«Ваня болсын, Иван болсын.
Шықсын үміт-тілегіңнен,
Болсын батыр, сүйсін елін
Ваня ердің жүрегімен»...

«Галстук» деп бір дастанды
Ваняға мен арнаған ем*)
Бұл жырды да батыр жанның
Даңқына өшпес ту ғып тігем.

Ат қойылды. Жатыр жайлы
Ваня бала, жас азамат.
Ағасы Ермек қуанады,
Көңілі шат, өмір рахат.

Күн кеш болды. Шам жағылды.
Әлі думан Ермек үйі.
Көшеде де өрши түскен
Ән, музыка, жеңіс күйі.

Таңғажайып, шын ғаламат
Ұлы Жеңіс салтанаты.
Іңғалайды үн қосқандай
Жас азамат — Ваня аты.

Туып, тұңғыш көзін ашып
Көргені оның жеңіс нұры.
Соныменен қанаттансып
Күндей жайнап жазғытұрғы.

*) Ж. Молдағалиевтің Ваня туралы
жазған «Галстук» атты дастаны біз-
дің журналдың өткен жылғы 7-са-
нында басылған. Ред.

Ж А З Ы К Е Ш

Жазғы кеш самал соққан майда қоңыр.
Күн батып жаңа ғана болды інір.

Құз қалғып, орман-тоғай, дала мүлгіп,
Баурына түннің кіріп барады ілбіп,

Көп жұлдыз көк жүзінде зәулім биік,
Көзінен от шашады бейне күліп.

Жемістің алма, жүзім... піскен балқып,
Бақшадан білініп тұр иісі аңқып.

Аспаннан ай қарайды жаңа туған.
Алаңда жастар ойнап құрған думан.

Ерекше жастар бүгін жыйылған көп,
Тұс-тұстан ентелейді, ортада доп.

Көк майкі, жасыл майкі кигендері,
Қандай сән жарасып тұр жүргендері.

Бөлініп екі шаршы екі топқа,
Жүгіріп таласып жүр бәрі допқа.

Шықты доп серпінменен ұшып бөлек,
Көктегі ай секілді дөп-дөңгелек.

Құс құсап құйылады жерге қонып,
Біресе қашады кеп түлкі болып.

Домалап ыршып-ыршып түсті эне,
Ұмтылды тұра-тұра соған бәрі.


Қағып жүр жеткендері бұрын барып.
Төбеде доп ұшады шыр айналып.

Тұс-тұстан допқа ұмтылып анталайды,
Құмары қанша ойнаса тарқамайды.

Самал жел желпіндіріп соққан майда,
Салға: ән естіледі әлде қайда.

М. ТЫНБАЙ.

Азамат



(Повесть. Жалғасы, басы өткен сандарда)

С. БАҚБЕРГЕНОВ

Суреттерін салған К. БАРАНОВ

VII.

Талғатты полк штабына шақырып алған подполковник:

— Ақырғы рет ескертемін, — деп бастады сезін. — Машинадан адам өмірі әлде қайда қымбат. Ол машинаны жасаған — адам. Ол машинаны ұшыратын да — адам. Адам болмаса, мұндай машина жасалмайды да, ұшпайды да. Түсіндіңіз бе, жолдас ара сержант. Мұндай әдетті қойыңыз! Адам қымбат бізге. Сіз Бондаренко сыяқты тәжірибелі ұшқыштармен сөйлесіп көріңіз. Олар не айтар екен? Сіз осы тақырыпта ұшқыштармен сөйлесіп маған қорытындыңызды баяндаңыз. Бірақ, дұрыс қортынды шығармай тұрып, өз өміріңізді кешегідей қатерге салсаңыз онда өзгеше сөйлесеміз!

Ол Митрофановтың алдынан ойға батып шықты.

— Апырай, оқыс істеген екем ғой, — деді ол ішінен. — Бірақ... өміріме хауіп төнген сайын машинаны қыйратып, жан сақтай беруім керек пе? Жоқ. Күш жеткенше өзінді де, машинаны да сақтай білу керек. Дегенмен орнын білген дұрыс.

* * *

Жау әскерін бекінісі аса күшті елді пункттен қуып тастаған күнгі кештің қоңыр салқынына кеудесін тосып, қалың орманға қарай асыра басып бара жатқан Талғаттың көңілі орнында емес еді. Беті өз-өзінен қызарып, жүрегі лүпілдеп бара жатқандай еді. Ол осы барысында көптен бері көріспеген қыймасымен кездесуге бара жатқандай, не айтарын, неден бастарын біле алмай толғанып, қысылып бара жатқан сыяқты еді.

Барған сайын жүрісін шапшаңдатып, аяғын тез-тез басады. Мұның осы бет алысы осыдан бір шақырымдай жердегі истребительдер полкінің штабы. Полк штабындағы кезекшіден ол:

— № 47 истребительде ұшатын кім? — деп сұрап еді, ол бетіне ажырайып бір қарады да:

— Білмеймін, — деді.

Бұл жерде кідірместен ұшқыштар тамақтанатын асханаға беттеді. Өйткені бұл кезде күндізгі ұрыстардан кейін ұшқыштар тамақтанып жатыр еді. Ол асхананың есігін ашып енген бойда:

— Бүгін № 47 истребительде ұшқан кім? — деп дауыстап сұрады. Дауысы әдеттегідей емес, қаттылау шықты. Оны өзі сезген де жоқ. Тамақтанып отырған ұшқыштар тосын жас ұшқышқа бір-бір қарап қойды. Залдың іші тым-тырыс. Еш кім үн қатқан жоқ. Жалғыз-ақ асхананың бір бұрышында отырған толық денелі ақ сары жігіт жас ұшқышқа тесіле қарап, «бұл кім?» дегендей кең жаурынын бір қозғап қойды.

— Бүгін № 47 истребительде ұшқан кім екенін білесіздер ме? — деді Талғат тағы да.

— Оның сізге керегі не? — деді әлгі бұрышта отырған сары жігіт.

— Талғат оған жақындап келді де:

— Білсеңіз айтыңыз, ол маған өте керек адам, — деді.

— Керек болмаса, сұрайсыз ба? Бірақ, неге керек, соны айтыңыз, — деп күлімсіреді.

— Ол бүгінгі әуе ұрысында мені өлім аузынан алып қалып еді. Танысайын деп едім, — деді.

— Одан басқа жұмысың болмаса, отыр. Танысайық мен Сергей Луганский, — дегенде, Талғат мойнына асылып құшақтай кеткенін оның өзі де білмей қалды.

— Сіз Луганский болсаңыз, бір бүгін емес, бұдан бұрын да мені жау тырнағынан талай сақтадыңыз. Бұдан екі күн бұрын күйрексіз самолетті көрдіңіз ғой, сол мен едім. Мен Бигелдиновпін.

— Демек ескі достар екенбіз ғой, отырыңыз. — деді Луганский.

— Бір ұрыста сіздің машинаңыздың номерін біле алмай қалып, қатты өкіндім, — деді Талғат.

— Атың кім? — деді Сергей.

— Атым Талғат.

Талғат Сергеймен көп сөйлесті. Аздан кейін-ақ «сен» десіп кетті.

— Сен қай жердікісің, Талғат? — деді Сергей. Осы қазақ екен ғой деген оймен.

— Қазақстанның Ақмола облысынан боламын.

— О, жерлес екенбіз ғой, мен Алматылықпын.

Екеуі орындарынан тұрып, шын ықыластарымен тағы сүйісті. Бұл жолы жауынгерлік күндердегі достық үшін ғана емес, өмір жолындағы мәңгілік достық үшін сүйісті.

Екеуі күн сәулелі қазақ жерін, Сергей Алматысын, Талғат Ақмоласын есіне түсірді. Кешегі бір жаймашу-ақ, қоңыр салқынды тымық кеште екеу-екеу қол ұстасып гүлді бақшаны аралағандары естеріне түспей қойсын ба? Сол бір кеште сап түзеген жастар тобында бұлар да болған. Қазір екеуі де қабағынан қаһар төккен жауынгер. Отанын қорғауға ант берген арлы адамдар, адал жанды, ақ жүректі ел ұлдары. Кешегі бір кеште бірі білім туралы ойласа, бірі баласы, зайыбы туралы ойлайтын. Әркім өз ойы, өз арманымен болатын. Ал, қазір екеуінің жүрегі бір ырғақпен соғады. Ол — Отанды жаудан сақтап, жеңіске жеткізу ырғағы. Екеуі сөз арасында үндеспей қалғанда бірінің не ойлағанын бірі біліп те отырған сыяқты. Сергей қазір өзгерген, әдемі көкшіл көзінің төңірегіне әжімдер түсіп, мандайының ортасына сызық пайда болыпты. Қасы үрпийіп қоюлана түскен.

Мынау Талғат кешегі уылжыған, ерімдей жас. Оның кішкене қара көзі әр уақытта күліп тұратын еді. Қазір ондай емес. Томағасын сыпырып алғанда көзін сүзіп

кыяға қараған қыран секілді, ойлы пішінмен тым алысқа, аса бір биікке қарап отыр. Қабағын жауып оқтын-оқтын ойға кетеді. Ол бүгін сабырлы, әр нәрсеге байыппен қарайтын салқын қанды салмақты жігіт. Аз да болса өлім мен өмір майданында, кескілескен айқастарда, ауыр сынды арпалыста болғаны көрініп-ақ тұр.

Екеуі айрылысар кезде қолдарын қатты қысысты.

— Жеңістен кейін маған келіп қонақ боларсың? — деді Талғат Сергейге. — Қымыз ішіп, ет жеп отырғанда осы күндерді талай-талай еске алармыз. Тілектеспін өміріңе, табысты бол.

— Тілектеспін, — деді Сергей де есіктен шыға берген Талғаттың жұп-жұмыр денесінен көз айырмай.

Майданға қазақ халқы жіберген қос сұңқардың ең алғашқы бір кездесуі осылай басталып еді.

Бұл кездесуден кейін Сергей Талғат туралы:

— Көзінің оты бар жас, — деген ғана ойда қалды.

VIII

Қар жамылған кең дала қара орманды құшағына алып жатты. Солтүстіктің ызғарлы желі оқтын-оқтын желпініп қояды. Бүгінге дейін солтүстік-батыс майданында тыныштық еді. Екі жақ бірдей бекініске кіріп табан тіресіп тұр. Әсресе, жаудың Великие Лукидегі бекінісі тым берік. Осыдан бір күн бұрын Сергей Луганский бастаған истребительдер эскадрильясы немістің барлаушы самолетін әуе тұтқынына алып, аэродромға еріксіз айдап әкеп қондырды.

Истребительдер полкінің командирі неміс ұшқышынан жауап алғанда, ол:

— Великие Луки бекінісі берік. Мұнда жерге көмілген танктер, алысқа ататын зеңбірек батареялары, ең таңдаулы «ассалардан» құралған авиация полкі бар, — дегенді айтты.

— Сонымен, немістер қаланы бермейміз дей ме? — дегенде, әлгі ұшқыш көзінің астымен командирге бір қарап:

— Великие Лукиді беру деген сөз — Берлинге баратын қақпаны ашып қою деген сөз, — деді.

— Кім айтты оны саған?

— Герман Герингінің авиация полкіне берген бұйрығы осылай, — деді әлгі сұмбайы беті шіміркенбестен. Оның көз қарасы мен бет әлпетінде арамзалық пен жауыздық белгісі сайрап тұр.

Неміс ұшқышының әлгі сөзін естігенде, Талғатпен бірге қызмет ететін ұшқыш эстон жігіті Ива:

— Дұрыс айтады ол, Великие Луки Берлиннен гөрі біздің Балтыққа, Таллинға баратын қақпа ғой, — деді.

Ива да өрімдей жас. Ол Ленин комсомолының мүшесі. Онда өзінің Балтық жағалауы мен Таллиннің сүйген жүрек бар. Таллин көшесінде ойнаған күндерін есіне алғанда, ақшыл жүзі қызғылт тартып, қыза сөйлейді.

— Біздің Таллин... — деп бастайды ол екі сөзінің бірін. Ол бүгін де өзінің туып өскен жерін есіне алып отыр. Сөздің бір иіні келіп қалғанда, өр мінезді Бондаренко:

— Сенен басқа адам туған жерін сүймейтіндей. Таллин... Таллин... деп тақылдағанда таңдайың тақ-тақ етеді. Сенің сол Таллинына баратын қақпаны ашуға аттанған күнгі қайратыңды бір көрсем, — дейтін.

Бондаренко де әрқашан-ақ, әркімнің қытығына тиіп жүретін мінезі бар. Бірақ, оның ар жағында зілі болмайды. Жолдастары оны бүкпентай сыры жоқ, турасын айтатын алғырлығы үшін бір сүйсе, шексіз ақпейіл, қайырымдылығы үшін де жақсы көруші еді.

Талғат осы Бондаренконың қарауында звено командирі болып істейді. Командир эскадрильясымен бірігіп ертеңгі тапсырманы орындауды талқылап жатты.

— Демек, жаңа жылды далада емес, қалада өткіземіз. Қаладан бір танк, бір зеңбірек тұмсығын көрсете алмайтын болу керек, — деп пысықтап жатты. — Ал,

сен өсында күшіңді тағы бір көрсетсең, күшейіп-ақ кеткелі тұрсын, жолдас кіші лейтенант! деп Талғатқа бір қарап қойды. Мұндай жұмыс үстінде оның жайшылықтарыдай сөйлемейтін мінезін білетін Талғат түсіне алмай:

— Қалайша күшеймекпін?

— Орынымды саған беремін.

— Маған осы орында да жетеді, жолдас аға лейтенант! — деген сөзді Талғат шын пейілмен айтты.

Талғат тапсырманы алып самолетіне қарай беттеді.


Оның қалтасында Сонядан жаңа ғана алған хат бар еді. Оны оқуға да шамсы келмеген. Қазір ғана, ұрысқа аттанар алдында, өз самолетінің қанаты астында оқып тұрғаны сол хат. Хатын аяқтамастан, оның қасына Ива келді. Ол бұдан алты ай бұрын ғана авиация училищесін бітірген жігіт. Жақсы ұшқыш болуға талаптанып жүрген жастың бірі.

— Талғат, сені кейінгі кезде көп мақтайтын болды, — деп бастады сөзін ол. — Сен самолетті мүлтіксіз басқарудың әдісін қалай үйрендің? Сенің тәжірибенді үйренуге әркімдер-ақ әуестеніп жүр. Полк командирі де сені мақтайды.

Талғаттың жел қағып, қоңырқай тартқан беті қызғырып, ақша қарға көзін салып бір аз тұрды.

— Мақтау сүймейтін адам болмайды. Бірақ мені мына мақтауы орынсыз-ақ. Мен басқалардан, мәселен,





өзінен ерекше ешқандай өнер көрсетіп жүргенім жоқ. Сол кәсінің мақтауы артық па деп ойлаймын, — деді Талғат.

— Менің ойымша сенде бір өзгешелік бар.

— Бала екенсін, жолдас Ива. Менде қандай өзгешелік болатын еді. Мен бір-ақ нәрсені білемін. Самолеттің барлық техникасын, хасиетін біліп, оны қолмен емес, жүрекпен, мыймен меңгеру деген сөз — операдағы артист өз роліндегі әрбір арияны қалай жаттап, қалай машықтанса, нақ сондай үйрену деген сөз. Сен Шостаковичтің семфониясын орындауға әзірленіп жатқан оркестрді көргенің бар ма?

— Соғыстан бұрын тындағанмын!

— Тындасан, сонда әрбір музыкант өзінің алдындағы нотасының әрбір нүктесін қалай жаттағанын, оған қолы қалай машықтанып, жүрегімен қалай сезетінін аңғара алдың ба? Авиациядағы машықтану да нақ сол музыка сияқты.

Бұлар сөзін аяқтай алған жоқ. Ұшуға команда берілді. Қызыл ракеталар аэродром төбесінде жұлдыздай ақты.

Жау позициясын бомбалауға аттанған самолеттер тізбек-тізбек болып көтеріліп бара жатты. Штурмовиктердің жер дірілдеткен үніне «соғыс тәңірісі» — артиллерия мен танктер үнін қосты. Жер солқылдап сала берді.

Жау төбесіне алғашқы бомбалар да түсе бастады.

— Саспай қыймылданар, төбеден түсер жау жоқ. Аспанда өзіміздің Сергей Луганский мен Талғат Бигелдинов бар, — деген сөзді жердегі жаяу әскер командирі үлкен мақтаныш сезімімен айтты.

Шынында бұлар бүгінгі урыста жерге түскен жоқ. Талғат төрт рет тапсырма алып ұшты. Міне, бесінші рет аспанға көтеріліп барады. Нақ осы кезде «қала жаудан босатылды» деген хабар да жетті, аспанда қалықтаған сұңқарларға Талғаттың беті күндей жайнап ду етті. Ол қатардан шығып қалған эскадрилья командирінің орнын басып:

— Мен Бигелдиновпін! Эскадрилья менің соңымнан... Қашқан жаудың қалдығын талқандауға, алға! — деген командирдің айбарлы даусы саңқ етті.

Немістердің көмекке шақырған самолеттері бұларға тойтарыс беруге ұмтылды. Әуе ұрысы басталды. Немістер бұзылмас деп ойлаған бекінісін бұзған совет әскерлеріне бұрынғыдан да өрши өшпенділікпен лап қойды.

Немістер совет истребительдерінің тегеуіріне төтеп бере алмай, штурмовиктерге қарай дүрсе қоя берді.

Талғат самолетіне шабуыл жасаған неміс истребительі өзiне жақындатып алып, қарсы ұмтылып, пулеметтен оқ боратты. Жау самолеті өртеп, жерге құлап түсті.

«Русь штурмовигі истребительімізді түсіріп кетті» — деген хабар, аспанды шарлап неміс штабына кетіп жатты.

Нақ осы кезде:

— Жарайсын, жолдас Бигелдинов! — деп сүйсінген дауыс Луганскийдікі болатын.

— Неміс истребительі біздің штурмовик түсіріп кетті, — деген жедел хабар совет әскерлерінің штабына да жетті.

Неміс самолеттері № 7 «ИЛ-2»ға өшіккен күшігенше тарпа бассалды.

Сергей Луганский де, басқалары да көмекке келуге үлгере алмады. Талғатты екі самолет қоршап, біреуі құйрық жағынан шабуыл жасады. Ә дегенше, самолет түтіндеп құлап кетіп бара жатты...

Осы бір минутте оның ойы оңға бөлінді.

— Не істеу керек?..

Самолетті аэродромға қарай бұрып та көрді. Жете алар емес. Астыңғы жағы дүлей орман. Оқтай зулаған самолеттен төмен карағанда, алақандай ашық алаң жоқ.


Ол сасқан жоқ. Самолет қалың орманға бет алып, төмендей жөнелді. Енді түтін емес, жалын шықты. Орман үстіне жақын келгенде, жалғыз нүкте самолеттен бөлініп, орман ортасына жалп ете қалды. Талғаттың парашюті көпке дейін ашылмай, қатты қысылды. Көп жасаған үлкен қарағайдың ұшар басына соғылып, көгілдір шатыр көлең етті. Талғат алғашқы екпімен емес, жайлап келіп құлады. Әудем жерге барып самолет те жоқ болды.

Ақырғы көріністі байқап қалған Сафоновтың көзінен жалғыз тамшы жас ыршып түсті. Көзінің алды бұлдырланып, ешнәрсе көрінбейді. Ол топтан шығып самолет құлаған жаққа беттеді.


Міне, орман. Апау құлап жатқан самолет. Бір қанаты омбы қарға көміліп кіріп кеткен. Ал, екінші қанаты жоғары көтерілген. Қызыл жұлдызы ақша қарға шағылысып жарқырап көрінеді. Маңында қыбырлаған жан жоқ. Ол осы жерді үш айналып, әбден белгілеп те алды.

Орманға жай түскендей гүрс ете қалғанда, сақал-мұртын қырау басқан қаба сақал карт та бір тебіреніп қойған. Ол құлаған самолетті, одан секірген ұшқышты апанық көрді. Бірақ, қай шамаға түскенін айқын болжай алмады. Оның ойынша, әйтеуір, осы орманның бір жеріне түсті.

(Жалғасы бар).



ОТАНЫМЫЗДЫ ГҮЛДІ БАҚША ЕТЕЙІК!



СОВЕТ ОДАҒЫНЫҢ БАРЛЫҚ ПИОНЕРЛЕРІ МЕН МЕКТЕП
ОҚУШЫЛАРЫНА

Күрметті балалар!

Біз, пионерлер мен оқушылар — жас бақшашылардың Бүкілодақтық бірінші слетіне қатынасушылар, жұмысымыздың қортындысын шығару үшін бас қосып отырмыз.

Біздің большевиктік партиямыз және Сталин жолдас совет адамына зор қамқорлық жасап отырады. Біздің елімізде көптеген парктер салынуы және бақшалар өсірілуі сол әкелік қамқорлықтың бір көрінісі болып табылады.

Бұдан бір жыл бұрын комсомолдың Орталық Комитеті Москва облысындағы Чоботов мектебі пионерлерінің бастамасын мақұлдап, маңдайалды жас бақшашылардың Бүкілодақтық жарысын жариялады. Миллиондаған пионерлер мен мектеп оқушылары, мыңдаған мектеп, пионер дружиналары, жас табиғат зерттеушілер үйірмелері неміс-фашист жыртқыштары құртып кеткен бақшаларды қалпына келтіруде, жаңа бақшалар өсіруде партиямызға көмектесе отырып, жарысқа белсене қатынасты. Чоботовшылардың бастамасы сан миллион жас бақшашылардың жаппай қозғалысына айналды.

Жарысқа қатынасушылар бір жылдың ішінде ғана мектеп жаындағы учаскелерге, колхоздардың, совхоздардың және көмекші шаруашылықтардың бақшаларына көп миллиондаған жеміс өсімдіктерін отырғызды.

Мысалы, Краснодар оқушылары 574.000 түп жеміс ағашы мен жидек, Москва оқушылары 145.000 мың түп жеміс өсімдіктерін, Свердлов оқушылары — 69500, Рязань оқушылары — 67000 түп жеміс ағашын отырғызды. Бірақ, мұның бәрі ұлы істің тек бастамасы ғана. Өткен жылы біз отырғызған жеміс өсімдіктері, жаппақ сәндік ағаштар Отанымыздың бақшаларын қалпына келтіру және өркендету жөніндегі жалпы мемлекеттік іске қосылған үлес еді.

Әрбір екпе өсімдік жақсылап күтуді, үнемі пионерлік қамқорлық жасап отыруды керек етеді. Біз жеміс ағаштарын тек егіп қана қоймай, оны жақсылап күтіп өсіруге тиістіміз. Бұл егілген өсімдіктерді күн сайын ұқыпты түрде бағып күткенде ғана мүмкін болатын нәрсе. Әрбір пионер жеміс ағашын, жидек, бүлдіргенді, жаппақты сәндік өсімдікті дұрыс отырғызуды, будандастыруды, өсіруді үйрену керек.

Біз, пионерлер мен оқушылар, бұл істі бірлесіп қолға алсақ, бұдан да көп нәрселер істеу қолымыздан келеді. Біз сан миллион емеспіз бе.

Еліміздің әрбір ауданында жеміс өсімдіктерін көп өсіру жөніндегі зор іске атсалысу әрбір пионер мен оқушының борышы.

Маңдайалды жас бақшашылардың Бүкілодақтық жарысына қатнасыңдар!

Жас табиғат зерттеушілер — бақшашылар үйірмелерін ұйымдастырыңдар!

1948 жылдың көктемінен бастап қалаларымыздың мектептерінде жеміс ағаштары бақшасын, өсімдіктер тұқымын өсіретін, гүл егетін алаңдар жасайық, сәнді өсімдіктер егейік.

Әрбір мектеп, әрбір пионер дружинасы, отряды, звеносы жақын жердегі колхозға, совхозға жеміс ағаштарын егуде, егілген ағаштарды аман сақтап, күтіп өсіруде көмектесетін болсын.

Әрбір пионер, бастауыш және орта мектептің әрбір оқушысы мектеп, колхоз яки совхоз учаскесінде бірнеше түп жеміс ағаштарын отырғызатын болсын. Сонда ұлан-байтақ туған елімізде қанша жаңа бақшалар өскен болар еді! Біраз уақыт өтер, біз отырғызған бақшалар мол жеміс те бере бастайды. Ұлы Отанымызды гүлді бақша етейік!

Ынтымақты түрде іске кірісіңдер!

Ленин—Сталин ісі үшін күреске дайын болыңдар!

ШҮЙІНШІ



Төлеутай келіп сабақтан,
Москваны тыңдады.
Үн естіп жүрек қуантқан,
Тағат қылып тұрмады.

— Апам қайда, алақай,
Батыр атақ алыңты!
Ерлігі үшін еңбекте
Алтын жұлдыз тағыңты!

Деп Төлеутай жүгірді
Даласына егістің.
Анасы егіп жүр еді
Келешектің жемісін.

— Алтын жұлдыз тағатың,
Апатай, батыр болыңсың!
Москва жаңа жар шашты,
Шүйінші бер сол үшін! —

Деп Төлеутай кеп тұрды,
Бар дауыспен айқайлап.
Қуаныштың от лебі —
Жас жүзінде нұр жайнап.

Жан ана сүйіп баласын:
— Құлыным, менің Төлесім
Өмірдің еркін жазында
Гүлдей өсіп келесің.

Еңбегіммен мен бүгін
Ер атансам еліме,
Адал еңбек, құлыным,
Көгерттер әлі сені де!

Мынау менің еккенім —
Отан үшін, сен үшін.
Шүйіншілеп келіңсің,
Сол болсың, ұлым, шүйіншің! —

Ж. ӨМІРБЕКОВ.

ЕСКЕРТКІШ

Қоймай несін сұрадың, анадайдан
Тыртығыма көз салып білектегі?
Өмір үшін болғанда қанды майдан,
Інішек, оқтың тесіп бұл өткені.

Кезімде Отан үшін арпалысқан,
Жүректің жауға қайнап ащы кегі,

Сорғалаған сонда осы білектен қан
Украина жеріне тамып еді.

Өлтірмек болып еді неміс мені,
Өлтіре алмады, өзі өлді—ойрандалды.
Сондағы зор майданның ескерткіші,
Інішек, білекте осы жара қалды.

К. ҰЯБАЕВ.




Зәулім үй, асфальттанған сәнді көше,
Секілді еккен гүлдер — тіккен кесте.
Шатырдай күлтеленген жапрағы,
Көктеп тоғай аспанмен тұр тілдесе.
Құлпырып бақша гүлдеп жер түрленсе,
Жер иесі — адамдар тіпті өзгеше.
Қолда ту күн нұрындай жарқыраған,
Күй шерткен, сапқа тұрып күлімдесе.
Жырлаймыз Сталинді — ұлы адамды,
Бақытқа жеткізген ол балаларды.

Жалынын жас ұрпақтың суреттеп тұр,
Өткір көз, галстугі мойнынындағы.

— Ол кім?
— Ол ма? — Бақытты елдің жас баласы,
— Бұл күн не?
— Май.

Бұл жаздың бастамасы.
Тойлайды Майды шаттық қуәсі деп,
Қазақтың шұғылалы астанасы!

Ж. АХМЕТОВ.



В. Г. БЕЛИНСКИЙ СТУДЕНТТІК ШАҒЫ, ӘДЕБИЕТТЕГІ АЛҒАШҚЫ АДЫМЫ

С. СЕНТОВ.

Шежіре, хасиетті бар әңгіме
Москва... деген үннің бір өзінде.
Осы үннен ләззат алған ұлы орыстың
Жатыр ғой жалын балқып жүрегінде!

деп ұлы ақын жырларан Москва алыстан сағынғы кеш құшағына жірген албырт ұлын емірене қарсы алды. Сен іздеген бір қазына осы ғой дегендей, жоғары дәрежелі оқу орнының есірін ашты. Аңсап келгенің білім өкен деп, ғылымның бай дүниесін нұсқады. Москваны жапындай жақсы көріп, оны «Россияның барша қалаларының ішіндегі нағыз орыс қаласы» деп санаған Белинский арманына жеткеніне қуанды да, ғылымға алаңсыз берілмек болды.

Бірақ, оның тұрмыс жағдайы Пензадағыдан да нашарлап, жоқшылық дегенін бийығынап баса түсті. Бір жағынан өз жүнін өзі көруі керек болса, екінші жағынан үй ішіне қарасын тұру керек еді. Осындай ауыр халді аз да болса жеңілдету мақсатымен, ол университет басшыларына арыз беріп қазына қаражатына алуды өтінеді. Жауап ұзаққа созылады. Дегенмен, тілегі аяқасты қалмай, 1830 жылдың январында «қазына студенттері» қатарына алынады.

Белинский университетте оқып жүрген кезінде озық ойлы, ілгерішіл көзқарасты студенттердің бірі болады. Ол зорлық-зомбылық, әділетсіздік дүниесіне қарсылықты бұрынғыдан да үдете түседі.

Мұнда Белинскийдің бастауымен бес-алты адамнан әдебиет үйірмесі ұйымдастырылады. Үйірме мүшелері жазған шығармаларын бір-біріне оқып, пікір алысын тұрады. Виссарион осында жүріп «Дмитрий Калинин» атты пьеса жазады.

Пьеса тыңдаушыларға қатты әсер етеді. «Адам деген дүниеге келгенде, — деп оқыйды Виссарион, — өздеріңдей адамдардың құлдығында болу үшін ғана келе ме?.. Біреулердің үстемдік құрылы, өзі сыяқты

В. Г. Белинский мен Н. В. Гоголь.

жандарды құл етуіне, оларды хасиетті қазынасы — бостандықтан айыруға осыншалық түпкежетер нұрсатты кім берген? Олардың табиғат, адам баласы нұрсаттарын қорлауына жол берген кім?»

Крепостнойлыққа қарсы бұл секілді зілді, ашулы, үкімдей қатал үн сонау Радищев кітабынан кейінгі дәуірде әлі еркін, батым шықпаған үн еді. Бірақ, жауыздық әлеміне қарсы аялбай алысуға бел байлаған, түбі өзіме бір пәлесі тиіп жүрер деген ұсақ ойдан аулақ еді, ол туған халқының бақыты, келешегі үшін күресуші болғандықтан, ел мүддесін бәрінен жоғары қоя білетін. Сондықтан пьесасын жұртшылыққа тарату үшін бастырып шығармақ болды.

Ол кезде цензураның басы-қасындарымыр университет профессорлары еді. Виссарионның драмасын алып қалған цензура комитеті, оған «енді бірер аптадан кейін келерсін» деп шығарып салма жауап қайырды.

Шығармасының не шүйде екенін білмек болып Белинский арада бір апта өткеннен кейін университет кеңсесіне келеді. Секретарь онымен сөйлесудің орнына, университет ректорына барып, «Белинский келіп тұр» деп сыбырлай қояды.

— Иван Алексеевич! Белинский деген мырза міне осы кісі, — дейді ол.

Ректор Двигубский деген өрпөкірек надан кісі екен, ә дегеннен ақырып қоя береді, шығармаң оңбаған, университеттің арын төлетін шығарма дейді.

— Есіңде болсын, — дейді ол Белинскийге, — енді маған сен туралы айрықша мәліметтер ай сайын жеткізіліп тұратын болады! Ал, секретарь, сен мына

жігіттің түр-түсін байқап қал, кезегі келгенде, университеттен қуып шығару керек!

Бірақ, Белинский бұған мойымады. Болат жігерлі жас жігіт бұрынғыша лекцияға қатысып жүрді, бұрынғыша өр мінезін сақтай білді. Жеңілдім демей, жеңдім деп қайтты ол надан ректорды.

1831 жылдың көктемінде Виссарион қатты науқастанып, емтихан тапсыра алмай қалды. Күз тапсырамағой деп жүргенде, оны емтиханға жібермей тастады. Ол тұрсын, оны «сабақты үлгіре алмайды», «ғылымға қабілеті жоқ» деген негізсіз сылтаулармен университеттен шығарады. Студенттер жұртшылығы бұған қатты наразылық білдіреді.

Университеттен нахақ шығарылған Виссарион бұл оқыйғаны ата-анасынан тоғыз ай бойы жасырып жүреді. Бастапқы кезде үй-күйсіз қалған ол жоқшылық зардабын тартады, күнелту қиынға соғады. Сабак берсем я әдебиет жұмысымен шұғылдансам, деген ойда болады. Қалтада қалған ақтық ақшасына төрт бөлімді Француз романын сатып алып, орыс тіліне аударады. Бірақ, күн-түн еткен еңбегі зая кетеді: газетте нақ осы романды басқа біреудің аударып қойғаны хабарланады.

Май айында «Листок» атты шағын журналда оның «Русская быль» атты өлеңі басылады. Өлеңге төленген қаламақы аз да болса пайда тигізеді.

Сол «Листокта» ол Пушкиннің «Борис Годуновына» талдау жасаған бір брошюра туралы мақала бастырады.

Ол журнал редакциясы арқылы ақын Кольцовпен танысады. Кольцов бір жұмыспен Москваға келіп, «Листокта» бірнеше өлеңін бастырған екен. Екеуі жақсы танысып, кей мәселелерде пікірлес болып кетеді.

1833 жылы Белинский Николай Станкевичтің үйірмесіне кіріп, тығыз байланыс жасай бастайды. Ол бұл үйірмеге үйренуші шәкірт ретінде емес, өзіндік әдеби көзқарасы бар, қозғалған мәселелерге қызу қатысатын тең праволы мүше ретінде келді.

Сол жылы жазғытұры Белинский Москвада «Телескоп», «Молва» журналдарын шығарушы Надеждинмен жүзбе-жүз танысып, журналға қызметке орналасады. Надеждин оның сыншылық дарынын танып, соның жарыққа шығуына көмектескен болады.

Келесі жылдың аяқ шенінде «Молвада» Белинскийдің «Әдебиеттік армандар» (қарасөзді элегия) деген жалпы атпен сын макалалары басыла бастайды.

Ол бізде Россияның ұлттық идеясын білдіре алатын кемел әдебиет әлі жоқ деген қорытынды жасайды.

«Әдебиеттік армандар» жұртшылық назарын аудар-

ды. Петербург әдебиетшісі И. И. Панаев «Мен аңсап күткен жаңа үн осы емес пе екен, әлде қашаннан бері есіткенім келіп жүрген шындық даусы осы емес пе екен? — деп ойладым мен... Бұл мақаланың бас жағын жаңа оқып шықтым—не деген керемет, не деген тамаша?» деп жазды. Бұл жалғыз оның ғана емес, алдыңғы қатарлы орыс жастарының да ой-пікірі еді.

Шынында да көркем өнердің халықтығы туралы, әдебиеттің қоғам өмірімен байланысы туралы, орыс әдебиетінің бай болашағы туралы бұрын-соңды ешкім мұндай күшті, мұндай өткір пікір айтып көрген жоқты.

Белинскийдің журналистік қызметі ұзаққа созыла қоймады, патша өкметі «Телескопты» жаптырып тастады да, Виссарион тағы да ауыр халде қалды.

Осынау қиын жағдайда Белинскийге көңілдестігімен көмек еткен Пушкин болды. Ұлы ақын өсіп келе жатқан жас сыншының беталысын байқап, зор үмітпен қадағалап отыратын. Пушкин Белинскийге «Современник» журналының әр номерін үзбей жіберіп тұратын. Ол Виссарионды «Современник» журналына қызметке алсам деген ойда болыпты. Бұған оның Москвадағы досы Нащокинге жазған хаты дәлел. Хат сақталмаған, бірақ Нащокиннің Пушкинге қайырған жауабы бар. «Мен оның өзін көре алғаным жоқ, бірақ оның достары, соның ішінде Щепкин (атақты орыс артисі. — С. С.) ол егер сенің журналында қызмет ететін болса, өте бақытты болған болар еді, деседі». — Жауап хатта осылай делінген.

Ақынның мезгілсіз қаза табуымен байланысты Пушкин мен Белинскийдің істес болуына тура келмеді.

Пятигорскіге емделуге барған жерінде ол ақын Лермонтовпен кездеседі. Лермонтов «Ақын өліміне» өлеңі үшін Кавказға жер аударылып барған еді. Екеуі біраз әңгімелесіп, студенттік шақты еске алады.

Петербургтегі «Отечественные записки» журналының шығарушысы Краевский өзінің қызметкері жазушы Панаев арқылы Белинскийге тілек білдіріп, қызметке шақырады. 1839 жылдың апрелінде Виссарионмен келісу үшін Панаев Москваға келеді. Ақыры екеуі келісіп сол жылғы ноябрьде Белинский Петербургке аттанады.

Ол Петербургте Гогольмен, тағы басқа да орыс жазушыларымен кездеседі. 1842 жылы Некрасовпен, ал 1843 жылдың бас шенінде Тургеновпен танысады.

«Қайсар Виссарионның» Петербургтегі өмірі мен қызметі орыс халқының данышпан ұлының атағы жайылып, беделі көтерілген, талай әдебиетшілерге ұстаз болуға жарап қалған кезеңін көрсетеді.



ЕРЛЕР МЕН ОРДЕНДІЛЕР КОЛХОЗЫ

СҮЙІКТІ АҚЫН

Фрунзе бастауыш мектебі колхоз поселкасының күн шығыс жағында. Колхоз кеңсесі де осы төбесіне күрең қанылтыр жабылған ақ үйдің ішінде.

Біз соңғы сабақ бітіп, мектеп менгерушісі Рақышев Мәмітқан ағаймен бірге колхоз председатели Әмірзақов Қуанышбек Қапасұлының кабинетіне беттедік. Онда «Біздің табыстарымыз» деген тақырыпта 3-звеноның жыйылымы өткізбек едік. Баянламаны Қуанышбек ағай жасамақ. Бұл жыйынға біз Шолпан апайды да шақырдық. Осы кезде залдың төзесінен басына күнұдыз бөрік, үстіне әдемі қоңыр шапан киген, сұлу сары ат мінген қарт атының басын тежеп, домбырасын қарып-қарып жібергенін көрдік. Домбыраға ілесе қарттың зор даусы аспанды өрлей жөнелді. Бізге берген уардасы бойынша әлгінде ғана егіс даласынан келген Қуанышбек ағай да кеңсесінен тысқа жүгіре шықты. Мектеп алдына келіп тоқтаран атты ақсақалды қоршап алған. Бұл Іле ауданының халық ақыны, колхоз үгітшісі Кұлсариев Ертай екен. Ол «Сарбұлақ», «Шеңгелді», «Қызылқұдыққа» барып шопандарға, егіншілерге өлең айтып, одан «Күрөзектегі» Фрунзе колхозына талай келіп-кетіп, ән-күйге мәз-майрам ететінін біз бұрын да білетінбіз.

Ертай ақын бұл колхоздан Шолпан Пішенбаева, Домалева Вицентина Антоновна апайлар «Социалистік Еңбек Ері» атағын алғаннан бері, колхоз председатели бастаған 6 адам Ленин ордені, 3 адам Еңбек Қызыл ту ордені және көптеген колхозшылар медальдар наградқа алғалы мұнда келген жоқ еді. Ол бүгін екпінді малшылардан біздің колхозға күттықтау ала келті. Ақын ат үстінде тұрып ән шырқап жіберлі. Малшыларды күттықтауы ақын жыр етті. Ән біздің көкейімізге қонымды, жүрегімізге жылы тиді. Өткен жылғы Ертай ақын біздің мектепке келіп, оқушыларға «Жақсы оқыңдар» деген өлеңін айтып берген. Содан бері біз оны есімізден шығарғанымыз жоқ едік.

Колхоз ақыны:

«Хат жаздық ұлы көсем данышпанға,
Қатардан озып шықтық жарысқанда,
Алты мың екі жүз пұт өнім алып,
Ланқымыз дүние жарып, бастық алға,
Шопандар сіздерге ұсап қызмет істеп,
Толтырды кең өрісті қыруар малға!» деді.

Қуанышбек және Мәмітқан ағайлар қарттың қасына барып, оны аттан түсіріп алды. Мұнан соң 62 жастағы халық ақынын қолтығынан сүйеп мектептің бір кең класына алып келді. 3-звеноның жыйыны барлық мектеп оқушыларының жалпы жыйналысына айналып кетті. Ертай ақын асығыс екен. Ол әлі «Қызыл қайрат» колхозына бармақ болғандықтан, «Күттықтау» өлеңін тегі аяқтап рұқсат алып жүріп кетті.



Фрунзе атындағы колхоздың председатели Қуанышбек ӘМІРЗАҚОВ.

Ендігі сөзді Шолпан апай алды. Балалар өздерінің қадірлі апасын ду қол шапалақтап, класс ішін жаңғыртып жіберді. Жыйылысқа келгендердің қуаныш толқыны теңіше тасқындағандай болды.

АПАЙДЫҢ ӘНГІМЕСІ

— Мен туып өскен осы «Күрөзек» болған еді. Кедейлер мінер атқа, ішер асқа жарымаған. Қысы-жазы жалба-жұлба жарғақ тондары үстінен түспейтін. Ауыр бейнетке белшесінен батса да, еңбектерінің жемісін, рахатын олардың өздері көре алмайтын еді.

Менің жасым бығыл 54ке толды. Бар өмірім осы «Күрөзекте» өтіп келеді. Әкем Есенбай тақыр кедейдің бірі болды. Ол кезде білім алу, бақытты өмір менің өнім түгіл, түсіме де кірмеді. 30 жылдан астам өмірім кісі есігінде өксімен өтті.

«Күрөзек» бойын еркін төстеп, ең жайлаған қоралы қой, үйірлі жылқы айдаған Кемелбек деген байдың көп күндерінің бірі болып отымен кіріп, күлімен шығып жүрдім.

Қаншалық күн-түн демей жұмысын істесем де, еңбегім бір жапбады. Ауыр жұмыстың астында сіңірімізге іліктік. Тезек тердім, күлін шығардым, отын жақтым, малын саудым, өрмек өрдім, жаз кигізік теуіп, шиін тоқыдым. Шілденің ыстығында күнге қаңсысам, қыс аязға қарылдым. Сонда да мандай тер, табан ақыма ешнәрсе бермеуші еді әлгі бай. Аюдай ақырған Мырзабала деген бәйбішесі көкіліне бір қылығымыз жақпаса-ақ таяқтың астына ала бастайтын.

Бір күні алаша тоқу үшін жерге бірнеше қазық қағып, бір топ әйел түрлі бояумен боялған жіпті жүгіріп жүріп әлгі қазықтарға ораддық. Мырзабаланың көкілін табамыз деп, жанұшыра қыймылдадық. Бір мезгілде менің орап жүрген жібім үзіліп кетті. Сол-ақ екен көп әйелдің көзінше менің шашымнан сүйреп, сабады. Атын ұмытып қалыппын, маған болысам деп, бір жас әйел ұмтылып еді, оны да тілдеп, балағаттап тастады. Өткендегі тартқан ауыр азапты айтып тауыса алмаспын. Оны айтып, уақыт кетіру бекершілік болар. Бір мен емес, кедей шаруалардың бәрі де осындай халде болды.

Кешегімді доғарып бүгінгімді сөз етейін.

Бүкіл еңбекші халықты құлдық, күндік тұрмыстан азат еткен Улы Социалистік Октябрь революциясы. Улы көсемдеріміз Ленин мен Сталин.

1930 жыл еді. «Күрөзекке» тағы да бір жаналық қуанышты хабар келді. Бытыранды шаруалар бірігіп, біріккен шаруа-колхоз құратын болды. Бұл хабарды есітіп, әңгелерден көрі мен сыяқты жалғызілік адамдар өте қуанды...

Балалар, өздеріне де белгілі шығар, қызылша егіс жерді тыңайтуды сүйеді. Біз ол жерге қызылша егілмей тұрып та, егілгеннен кейін де минерал, күл, тауықтың қыйы, малдың қордасын бірнеше рет төгеміз. Яғни жерді тыңайтамыз. Негүрлым бұл жұмыстарды көп

жүргізсек, сәуірлім мол өнім аламыз. Қызылшаны жыл сайын 8-9 рет суарып, зиянды өсімдіктермен үздіксіз күресіп отыру керек. Тіпті кең егіс даласындағы егілген қызылшалардың әрқайсысының арасы бірдей болу керек. Кең егін жайлы қарыстап өлшеп отыру оңайға соқпайтыны мәлім. Мен осылардың бәріне қажымадым. Білмегенімді агрономнан сұрап та отырдым. Бірнеше жылдар бойына қызылшадан бітік өнім алып келемін.

Қызылша егісі жердің неғұрлым терең жыртылуын тілейді. Ал, біз аңыздың тереңдігін 26-28 сантиметрге жеткіздік. Оның топрағы жұмсақ және күлдей үгітілгені пайдалы. Әрбір гектарға қадағалап санап көктегеннен кейін 100-110 мың түп қана қалдырған жөн. Егіс маусымында қызылша бірнеше рет түптеледі. Судың өзін де қызылша сіміре бермейді. Оны қызылшаның сусындауына лайықты етіп, өлшеп берген дұрыс. Менің звеномдары Зылиха, Тұржан, Жамалдар бұл жұмыстың тетігін жақсы біліп, қызылша өсірудің әдіс-айласына төселді. Әсіресе, Зылиха қызылшаны өсіруде зор шеберлік көрсетіп жүр. Қызылшаға керекті жағдайдың бәрін жақсы жасай біледі.

Біз өткен жылы екі гектар қызылша егісінің әрбір гектарынан 1033,5 центнерден, ал 5,5 гектар егістің әрбір гектарынан 600 центнерден өнім алдық. Оның бұл еңбегін Совет үкметі бағалап, оны Ленин орденімен наградтады.

Былыр қызылша жыйнап жүріп мынадай уақытқа тап болдық. Түскі демалыс кезі еді. Тұржан екеуіміз қызылшасы алынған аңызға отыра кеттік. Бір уақытта Тұржан тұрып:

— Ана бір жапрақты қараңызшы! — деді.

— Мен несі бар дейсің деп ойлап қалдым да, бірақта бұл ойдың артынан іле-шала Тұржан кезеген жақ-

қа көз салдым. Оның көрсеткен жапрағының шоғырлығы тіпті үлкен екен. Біз бұрын-соңды ондай қарамды жапрақты қызылшадан кездестірмеген едік. Әлгі жапрақтың қасына келдік.

— Ал, Тұржан, қазып көр. — дедім.

Тұржан кетпенім 4-5 рет жерге соғып жіберді. Бірақ, түбі алынбады. Мен де қоса қазыстым. Тіпті бұл бір түп қызылшаны қазу бізге 20-30 түп қызылшаны қазумен бірдей болды. Ақыры ол түпті қазып алдық, үлкендігі кіші-кірім қазандай екен. Таразыға салғанымызда, салмағы 13 килограмм болып шықты. Ойлап қарасак, ол ешқандай ерекше қызылша емес, тек күтімі басқа түптен артық және тыңайтқыш заттар мол төгілген түп екені анықталды. Біздің быйылғы арманымыз — осындай қызылшаны мол өсіру. Оның үшін қызылшаның бірнеше түбін ерекше күтіп жүрміз. Бұл тәжірибеміз қызылшадан мол өнім алу жолын аша түседі деп сенеміз.

Совет үкметі мен сыяқты қарапайым адамдарды данқтан—данққа бөлеп, бақыттан-бақытқа жеткізіп отыр. Маған және басқада егістен мол өнім алған колхозшыларға, колхозны әйелдерге Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Мен бұл атақтың қадірін әрқашан жоғары ұстаймын. Үстіміздегі егіс жазында мен «Социалистік Еңбек Ері» деген атаққа сай жұмыс істеп, қызылшадан былтырғыданда артық өнім алу үшін күресемін.

ЖАРҚЫН КЕЛЕШЕК ҮШІН

— Бақытты балалар! — деп бастады әңгімесін колхоз председателі Қуанышбек ағай. — Мен сендерге колхоз малының санын айтып жатпаймын. Біздің нысанамыз жыл сайын жүз саулықтан 130 қозы, жүз сы-



Социалистік Еңбек Ері Шолпан ПІШЕНБАЕВА пионерлермен әңгімелесіп отыр.
Суретті түсірген П. РЕДЬКО.

Иырдан 100 бұзау, жүз биеден 80 құлын алу және төлдерді шығынсыз өсіру, бұл жөнінде сендер де қолқабыс тигізерсіңдер.

Өткен жылы колхозшыларға деп 20 пәтер үй салып бітірдік. Бес мал қорасы салынды. 200 кісілік тамаша клуб салып алдық. Монша, дезкамер құрылысы былтыр қолға алынып еді, қазір жұмыс істей бастады. Үлкен су диірмені орнатылды. Бұл мал күтуге, егіс даласындағы жұмыс уақытына бірқатар жұмыс күштері мен уақыт қосты. Быйыл колхоз кеңесіне үй салып, бұл үйді сендерге толық босатып береміз.

Біздің колхозымыз республикадағы алда келе жатқан колхоздың бірі. Алайда, бізде радио, телефон, электр жоқ. Біз бұл жұмыстарға жорық жасап отырмыз. Жақындары бір-екі айдан ішінде біздің кішкене электр станциямыз жұмыс істеп, мектеп, клуб, монша, колхоз конторына, мастерскойларға, Социалистік Еңбек Ерлерінің, озат колхозшылардың үйлеріне жарық береді. Осы бес жылдықта үлкен су электр станциясын салуға кірісеміз. 1949 жылдың ақырына дейін колхозымызда телефон байланысы да орнатылады.

Егін шаруашылығын қысқаша шолып өтсек, одан бітік, мол өнім алатынымыздың айғағы — быйыл Шолпан, апайларыңның қызылшаның әр гектарынан 1033,5 центнерден, Вицентина Антонованың — 926,6 центнерден өнім алғандығы болмақ. Ленин ордені мен Еңбек Қызыл Ту орденін қоса алған Макиева Кәмиляны да мақтап етеміз. Егін көлемі быйыл 740 гектарға жетті. Бұл өткен жылдағыдан недәуір артық. Ал, 1949 жылы егіс көлемі — 1000 гектарға жетеді. Алайда, мәселе егіс көлемін кеңейтуде емес, мол өнім ала білуде.

Бітік егістің негізі көктемде салынады. Мұны біз быйыл жақсы өскердік. Егіс даласына 464 тонна мал қыйын, 2 тонна күл, 1 тонна тауық қыйын, 20 тонна минералдық тыңайтқыш заттар төктік. Егісті әрбір 10-15 күннен соң суарып отырамыз. Зиянды жәндіктер және өсімдіктермен аяуыз күрес жүргізуге тиіспіз. Міне, бұл шаралар бізге егіннен мол өнім әпереді. Шалдар айтқандайын, «Күрөзекті» «Нүрөзекке» айналдыру — басты міндетіміз. Оған сендер де өз үлестеріңді қосарсың.



Іле ауданы «Октябрь» колхозындағы қазақ орталау мектебінің оқушылары картоф егіп жүр.

Суретті түсірген П. РЕДЬКО.

дар. Жұрт осы күнде бізді «Ерлер мен орденділер колхозы» деп атайды. Өздерің көрдіңдер, колхоздың әділ сыншысы, халық ақыны Ертай тек үлкендерді емес, сендерді де құттықтады. Сендер осы зор атаққа ортақсындар. Атымызға сай жұмыс істеу, колхоз даңқына сай оқу оқу біздерге тән іс. Біз бұдан былайда қай істе болмасын, қарқын үстіне қарқын қоса береміз деп сенемін. Бүгін Ертай ақын мақтаса, ертең жұмыс нашар болса, оқу, тәртіп төмендеп кетсе, онда Ертайдың домбыра қағысы өзгеріп, бізді қатты сынға алатынын да еске ұстайық.

Балалар Қуанышбек ағайдың сөзінен кейін ұзақ қол шапалақтады. Пионерлердің бұл қол шапалақтауы — колхоз председателінің шақыруына «әрқашанда дайынбыз!» деп қайтарған жауабы еді.

Пионерлер: Тұрғынбай ЕСТАЕВ, Жүніс ДОСЖАНОВ, Өкен МҰҚАЖАНОВ.



Ж. ҚОНАҚБАЕВ

Көгілдір торғын нұрлы аспан
Көмкеріле жібекпен,
Жазғы таң сызып атқанда,
Теңіздей толқып жиектен:

Оянып тәтті ұйқыдан
Сәулетті дала, сан қала,
Бақшада булбул сайрайды
Құттықтап майды қарсы ала.


Атқан сайын жазғы таң,
Көрінген сайын күн нұры,
Жақындай түседі құлаққа
Болашақ күннің дүбірі.

Кәне, дос, майдың желімен
Жас шыбықтай ырғалып,
Шырқалық әнін өмірдің,
Ушыған бізді шыңға алып.

Әнеки, сонау бір жұлдыз
Қуат беріп жаныңа,
Бастап тұр сені сәулетті
Коммунизм таңына.

Атқан сайын жазғы таң
Шаттанады жас жүрек,
Коммунизм туы тұр
Жеңіске бастап желбіреп.

Бұданың поэмасы



ЖАС ТҮЛЕКТЕР

Быйыл жетінші класты бітіретін жас қыздар алдағы уақытта қайда, қандай мамандыққа оқыйтындары туралы өзара бас қосып, пікір алысады. Олардың толқыған жас қыялы шалқып, бірі инженер, бірі педагог, бірі ұшқыш болуды тілейді.

— Жетінші класты бітіріп кұрылыс техникумына, одан кейін институтқа түсемін!.. Зәулім заводтар, күрделі фабрикалар, сәнді қалалар саламын!.. Міне, комсомол мүшесі Дидаш Ашимованың көздеген мақсаты осындай.

— Мен оқытушылықты сүйемін. Аса ардақты, хұрметті мамандық! — дейді Базар Абдрахманова.

— Байтақ жеріміздің жасырын жатқан сырын ашып, оның сан алуан байлығын Отанымыздың игілігіне жаратудан артық не бар! Ендеше орта мектепті «алтын медальмен» бітіріп кен-металлургия институтына түсемін. Совет геологі деген ардақты атаққа не боламын!.. Роза Ержанова бұл сөздерді аса зор мақтанш сезіммен айтады.

Өзің тәрбиелеген оқушылардан мұндай сөздерді есту мұғалім үшін қандай мақтанш! Енді бірнеше жылдан кейін бүгінгі өзің тәрбиелеген оқушыларың бірі инженер, бірі педагог, бірі конструктор, бірі кудіретті Совет Армиясының қаһарман командирі, бірі ержүрек ұшқыш... болып шығады. Оқушылардың осындай Отанға пайдалы, саналы адам болып өсуі үшін мұғалімдер сан алуан тәрбие жұмыстарын жүргізуге міндетті.

Мен оқушыларымның алда кім болатындықтары, қандай мамандықты таңдайтындықтары, қайда оқыйтындықтары туралы қыял шертіп пікір алысқан әңгімелеріне жиі араласамын. Олардың ойын тербеген, жас жүрегін шерткен тәтті қыялын естіп, ойларына ой саламын, ақыл айтамын, кеңес беремін, мамандықты таңдауға көмектесемін. Біріншіден оқытушы, екіншіден класс жетекшісі болғандықтан мен өзімнің бұлай етуім дұрыс және міндеттімін деп санаймын.

— Роза сен геолог болуды ойлап жүрсін. Бұл мамандық жөнінде қандай кітаптар оқыдың? — деп сұра-

дым, бір әңгіме кезінде Роза Ержановадан. Ол таңданған пішінмен:

— Ешқандай кітап оқығаным жоқ, оның қанша хажеті бар! — деп жауап қайырды.

Бұдан кейін мен Розаға және оның жолдастарына кітап оқудың көп пайда беретіндігін, таңдаған мамандық жөнінде жазылған мазмұнды жақсы әдебиет кітаптарын оқып тиісті мағлұмат алмай тұрып сол мамандықты шын беріліп сүймейтіндігін айтып түсіндірдім.

Бұл әңгімеден кейін қыздар шындалп ойланатын болды. Менің класымдағы қыздардың барлығы да быйыл жетінші класты бітіріп, орталау білім алады. Қластағы 14 қыздың бірқатары жетінші класты бітіргеннен кейін осы мектепте қалып онжылдықты бітіріп шығуға, ал бірқатары белгілі бір мамандық беретін оқу орнына түсіп, таңдаған мамандықтарына жетілуге ұйғарды.

Қазір олардың жалғыз ғана ойланғаны — емтиханды тек «5» және «4» бағаға тапсырып, класты жемісті бітіру. Ол үшін алдын ала тыңғылықты даярлыққа кірісті, өткен сабақтарды естеріне түсіріп пысықтайды. Мұндай пысықтау сабақтарын оқушылар бүкіл класс болып бас қосып өткізеді, бірінің ұмытқанын бірі айтады, кейде мұғалімдер де қатыстырылады. Сабақты нашар оқыйтындарға оқу отличниктері жолдастық көмек көрсетеді. Мәселен, оқу отличнигі Роза Ержанова кейбір пәндерден нашар оқып жүрген Қалимаш Қажқұловаға математика және орыс тілі пәндерінен білмегендерін үйретеді.

Оқушы Сақыш Ысқақова біздің мектепке оқу жылының бірінші тоқсанының орта кезінде келіп кірді. Алғашқыда ол сабаққа нашар үлгеріп жүрді. Жолдастары Сақыштың сабақты нашар оқыйтындығына қатты қынжылды, қайткен күнде де оны өздерінің қатарына жеткізуге ұйғарысты. Оқу отличнигі Дидаш Ашимова Сақышқа өзінің уақытты қалай пайдаланатындығын, сабаққа қалай әзірленетіндігін айтты, сен де осылай уақытты дұрыс пайдалан деп ақыл

берді. Бұлай еткенде Сақыштың оқуға да, дем алуға да, қосымша әдебиет кітаптарын оқуға да уақыты жетті. Қазір Сақыш Ысқақова өзінің жолдастарының қатарына теңелді.

Емтихан қарсаңында оқушылардың барлығында осындай ұйымдасып біріне бірі көмектесіп әзірленеді. Бізде барлық пәннен қосымша сабақ ұйымдастырылды. Бұл қосымша сабақтарды мұғалімдер жүргізеді. Мәселен, физика пәнінен мен өзім, орыс тілінен — комсомол Муршида Мерзамирова, қазақ тілінен — Дәметкен Доскеева, математикадан — Баис Сарвожин жүргізеді.

Қосымша сабақ керекті оқу құралдарымен жабдықталған бөлмелерде өткізіледі. Бұл бөлмелерге оқу кітаптарынан басқа көрнекті құралдар, көркем әдебиет кітаптары қойылған.

Емтихан қарсаңында оқушылар көп уақыттарын сабақ әзірлеумен өткізеді, бос уақыт өте аз. Бірақ, біз басқа тәрбие жұмыстарына да уақыт табымыз. Бұл оқушылардың мыйын тынықтырып, сергітіп, бойын жаздыруға, дем алуларына өте пайдалы. Мәселен, пионер вожаты, 9 класс оқушысы Жұмкен Баярстанованың басқаруымен оқушы қыздар эскурсияларға барып тұрады. Кейде кешкілікте оқушыларды жыйнап алып мен өзім әңгіме өткіземін, қызықты әдебиет кітаптарын дауыстап оқыймын. Оқушылар Абайдың шығармаларын, Фадеевтің «Жас гвардиясын», Н. Островскийдің «Құрыш қалай шынықтысын» көңіл қойып ұйып тындайды. Кейде оқылған әдебиет туралы өздерінің алған әсерлерін айтып пікір таластырады. Кейде қыздар қызықты кинокартина, спектакль көргілері келеді. Оқушылардың бұл орынды тілегін орындамауға болмайды. Не мен, не пионер вожаты Жұмкен Баярстанова қыздарды киноға, спектакльге ұйымдастырып алып барамыз.

Мұндай қызықты, көңілді дем алудың сабақты табысты әзірлеуге көп пайдасы бар екені түсінікті. Мұны оқушылардың өздері де мойындайды.

Мектебіміздегі барлық оқушылар сыяқты, біздің жетінші кластағы оқушы қыздар да алдағы ең жауапты кезең-емтиханға қызу әзірленуде. Әрбір оқушының көздегені 4 тең төмен баға алмау. Олар бұл мақсатына жететіндігі сөзсіз.

Нұрбану ДҮЙСЕМБАЕВА,

Ақмола қаласы Жамбыл атындағы № 4 қыз балалар мектебі жетінші класының жетекшісі,

ЖАЗДЫ ЖҰМЫСПЕН ӨТКІЗЕМІЗ

Мен 6-класта оқыймын. Өткен 3 тоқсанды озат оқушы болып аяқтадым. IV-тоқсанда да бар ынта-жігерімді салып жазғы сынмен емтиханға дайындалып жүрмін. Мен тек қана оқу мен шұғылданып қоймай мектеп қасындағы учаскеде жұмыс істемекпін. Быйыл біздің мектебіміз 5 гектар жерге сұлы, картоф тағы басқа жемістер ектік. Мектеп директоры Тәкен Ыбырагимов ағай бір күні бұл туралы бізбен әңгімелесті.

— Қане, кім бұл жұмысқа қатысқысы келеді? — деп сұрады әңгімеден кейін. Мен бірінші болып қол көтердім. Біздің 6-класс мектептегі алдыңғы қатардағы кластың бірі еді. Мұндай пайдалы жұмысқа құлшына қатынасу бізге әдет болып алған. Балалар мені қостап, «Сабақтан бос уақытта бәріміз де мектеп учаскесінде жұмыс істейміз» деді бір ауыздан.

* * *

Міне, егіс даласы. Пар жиренмен жер жыртуға кірістім. Маған бұл жұмыс өте ұнайды. Менің жыртқан жерімді менімен сабақтас Әшім деген бала малалап, топрағын ұсатып, жерді тегістеп жүр. Біздің жыртқып, малалаған жерімізге кластарымыз картоф отырғызуда. Біз жазды осы «Октябрь» колхозында өткізбекпіз. Онда



Еңбекші қазақ ауданы, Молотов атындағы қазақ орта мектебінің оқушылары Болат Мұсабаев пен Толя Сапков сынаққа әзірленіп отыр.

Суретті түсірген П. Редько.

осы картофтың арам шөбін жұлып, топрағын қопсытып, қайта түптеп, онымен қатар бірнеше рет суаруды міндетімізге алдық. Сөйтіп бұл жұмыс маған және біздің кластарымызға екі түрлі пайда келтірмекші. Ол

мынау: біріншіден, жазды еңбекпен өткіземіз. Екіншіден, біз өзіміз өсірген картофтың шығымын тексереміз.

Таубай ДҮЙСӘЛИЕВ

Іле ауданы, «Октябрь» колхозы қазақ орталау мектебі.



— Мына «Еңбек» колхозы қасымыздағы өзеннен электр станциясын салып жатыр. Біз соған сабақтан кейінгі уақыттарда және демалыс күндері ұйымдасқан түрде барып көмектессек қайтер еді, — деді бір күні мектеп директоры.

Ертеңіне демалыс күні сапқа тұ-

ИЛЬИЧ ШАМЫ ЖАРҚЫРАЙДЫ

рып, жұмыс істеп жатқан жерге келдік. Колхозшылар бізді қошаметпен қарсы алды.

Біздің үлесімізге сым тарту, көлікпен керекті заттарды жеткізу сияқты жұмыстар тиді.

Қазір электр станциясы салынып бітті. Колхозшылардың үйлерінің бәрінде де Ильич шамы жарқырайды.

Кешке клубтың жарық, кең бөлмесіне көп адам жыйналды. Колхоз председателі сөйлеп, олда электр станциясын салуға 350 оқушы қатысып, жақсы еңбек еткендігін атап өтті. Оларға колхозшылар атынан алғыс жариялады.

Будан кейін аудандық партия комитетінің секретары Раджибаев ағай сөйлеп, 5-класс оқушысы Жаралиева Тұрсынға 20 метр мата сыйлық тапсырды.

— Ал, Тұрсын, еңбектегі игілікті табыстарыңды құттықтаймын. — деп, ол күле қарады.

Тұрсын әуелі қуанғанынан не дерін білмеді. Аздан соң халыққа қарап:

— Ленин — Сталин ісі үшін күреске әрқашан дайынмын, рахмет, ағай! — деп жауап берді.

Жыйылыстың соңында біз келген адамдарға үлкен концерт қойып бердік.

Сәлем БАРАТОВА,

Алматы облысы, Уйғыр ауданы, Үлкен ақсу орта мектебі.

ӘДЕБИЕТ КЕШІ

Жақында астана мектептерінің қалалық әдебиет кеші болып өтті. Оған астанамыздағы барлық қазақ, орыс мектептерінің жоғарғы класс оқушылары қатысты. Әдебиет кеші ұйымшылдық, достық және патриоттық рухта өтті.

Әдебиет кешін 33—40 мектептің оқушылары бастады. Сахна ашыларда олар совет поэзиясының көрнекті



өкілі Маяковский туралы Сталин және солай болып қала бермек» деген жолдастың «Маяковский біздің заманымыздың тамаша ақыны болды көрнекті жерге іліп қойды.

Николай Нестерок В. В. Маяковскийдің өмірі мен ақындық қызметі туралы баяндама жасады. Басқа оқушылар Маяковскийдің «Владимир Ильич Ленин», «Жақсы» атты поэмаларынан үзінділер оқыды. Әсіресе, оның «Совет паспорты туралы» деген өлеңі тамаша орындалды.

Сол мектептің IX — класс оқушысы Н. Караганова өзінің Маяковскийге арнаған «Сүйікті ақын» деген өлеңін оқып берді.

Мұнан кейін 12 қызбалалар мектебінің оқушылары сахнаға шықты. Олар өз мектептеріндегі әдебиет, көркемөнер үйірмелерінің жақсы жұмыс істегендігін көрсетті. X класс оқушысы Шолпан Кенжебаева Василий Лебедев — Кумачтың өмірі мен ақындығы туралы кең, толық баяндама жасады. Бұл баяндама оның өзбетімен көп оқып, көп ізденгендігін білдірді.

ОЛИМПИАДА КӨҢІЛДІ ӨТТІ

Тақауда Офицерлер үйінде Алматыдағы мектеп оқушыларының және балалар үйінде тәрбиеленушілердің қалалық олимпиадасы болып өтті. Олимпиадаға қаладағы барлық мектептің және балалар үйінің көркемөнер үйірмелері тегіс қатысты.

Олимпиада да көптеген хұрметті қонақтар да болды. Оның ішінде ҚК(б)П Орталық Комитетінің секретары Ж. Шаяхметов, ҚЛКЖО Қалалық Комитетінің секретары Н. Сосновский, Қазақ ССРның халық артисі С. Қожамқұлов және Адильшинов жолдастар бар.

Олимпиада екі күнге созылды. Оған 3000 нан аса мектеп оқушылары мен балалар үйінде тәрбиеленушілер қатысты. Олимпиадаға қатысушылар алдымен өздерінің данышпан көсемі, сүйікті досы және әкесі — Сталин туралы әндерді және жержүзі демократияшыл жастарының Гимнін жақсы орындады. Сол сыяқты орыс және батыс Европа классик композиторларының еңбектерін, қазақ музыкаларын, туысқан республикалардың музыкаларын орындады.

Олимпиада да Ленин ауданына қарасты 54, 41, 18 және 12 мектептер ерекше көзге түсті.

Жамбыл атындағы 18 ербалалар мектебі сахнаны композитор Байқаматовтың «Сталин туралы» әнімен ашты. «Жамбыл мен Айкүмістің айттысы» атты музыкалы-әдеби монтаж

Мектеп оқушылары Лебедев — Кумачтың композитор Дунаевский-мен бірігіп жазған, совет халықтарына көп тараған «Отан туралы жыр», «Москва», «Шаттық желі» атты өлеңдерін орындады. Әсіресе X класс оқушысы Раушан Жанкелдинованың «Біз жеңдік», VIII — класс оқушысы Гүлжауһар Абдрахманованың «Менікі және біздікі» деген өлеңдерін жұртшылық сүйсініп тыңдады.

Сол сыяқты 15 — мектептің оқушылары Константин Симоновтың, 18 мектептің оқушылары С. Я. Маршактың өмірі мен ақындық қызметтері туралы кең баяндама жасады және олардың таңдаулы шағармаларынан үзінділер оқыды.

Әдебиет кеші көңілді өтті. Бұл кеш оқушылардың әдебиеттік білімін көтеріп, ой өрісін кеңейтуге көп көмектесті.

Б. СЕЙДАХМЕТОВ.



көрсетті. VII-класс оқушысы Сұраганов халық әні «Қыздарай», «Көк аршынды» өте тамаша етіп орындады. III класс оқушысы Шамқұлов флоттада «Гакку» әнін ойнады. Мектептің домбыра, бокс үйірмелері де өздерінің жұмысты өте жақсы істегенін көрсетті.

Одан кейін 12 қызбалалар мектебі өз өнерлерін көрсетті. V класс оқушысы Ибраева «Сталин» деген тақпақты, IX класс оқушысы Ержанова «Жас қазақ», «Ауғайша» деген әндерді өте шебер орындады.

Сонымен олимпиада идеялық мазмұны жоғары, көркемдік жағы шебер болып, ойдағыдай өтті. Мұнымен бірге ол балалар мен жасөспірімдердің өнерінің өсіп келе жатқандығын көрсетті.

А. ЖҰМАҒАЗЫ.

18 ербалалар мектебі

БАСКЕТБОЛ ОЙНАНДАР

«ДОПТЫ ШЕҢБЕРГЕ ТҮСІРУ»

Баскетбол деген сөзді қазақ тіліне аударғанда, ол «допты шеңберге түсіру» деген сөз. Бұл ойын екі команданың жарыс ойыны. Белгілі уақыт ішінде әр команда өзіне қарсы команданың шеңберіне допты артық түсіруге тырысады.

Баскетбол өте пайдалы ойын, ол бүкіл дененің бұлшық еттерін шынықтырып кісінің дәлділік, жылдамдық сыяқты қабілеттерін арттырады.

ОЙЫННЫҢ АЛАҢЫ

Баскетбол ойынының алаңы — 14 X 26 метр шамасында, беті тегіс, тік бұрышты алаң болу керек. Алаңды қоршаған сызықтың екі жақ шетіне екі бағана орнатылып, оған тақтай қағылады. Тақтайдың төменгі жағына темірден жасалған шеңбер (диаметрі 45 сантиметр) орнатылады. Шеңберге жіптен тоқылған диаметрі 60 сантиметр кереге көз тор қағылады. Тордың тақтаймен аралығы 15 сантиметр болады.

ОЙЫН

Әрбір команда да бес адамнан болады: екі қорғаушы, шабуыл орталығындағы ойыншы және екі шеткі шабуылшы.

Ойын орталықтан басталады. Екі команданың орталықтағы ойнаушылары алаңның ортасына шығып бетпе-бет тұрады. Төреші екеуінің орталығына түсетіндей етіп жоғары қарай допты лақтырады. Доп ең жоғарыға көтерілген кезде, төреші ысқырады. Ортадағы ойнаушылар ойынды бастайды.

Ойнаушылардың әрқайсысы допты қарсы жағына лақтырып, жерден қағып отырып жақындатып әкеліп, оның шеңберіне лақтырып түсіру үшін өзінің командасындағы ойнаушылардың біріне беруге тырысады.

Допты шеңберге түсірген командаға екі ұпай жазылады. Ал, допты теріс лақтырып шеңберге түсіргені үшін бір ұпай жазылады.

ДОПТЫ ҚАЛАЙ ЛАҚТЫРЫП ЖӘНЕ ҚАЛАЙ УСТАУ КЕРЕК?

Ойыншы допты басынан жоғары көтеріп, содан кейін барып лақтырады. Бұл ойыншының бір әдісі. Екінші әдісі: допты төмен ұстап, қолды алға сермеп допты жоғары қарай лақтырады. Үшінші әдісі: допты екі қолдың алақанымен қысып ұстап тұрып, алға яки жоғары қарай лақтырады.

Қолды алға созып, доп сыятындай етіп саусақтардан шеңбер жасап, допты тосып ұстау жеңіл болады.

С Ә Т Т І С А П А Р

I

Дәрібай Күзембаев отряд советінің жыйынында Көксу өзенінің бойымен «Тоқтамыс» сарқырамасына саяхатқа шығуға ұсыныс жасағанда:

— Осыда саяхат болып па? — деп күлісті советтің кейбір мүшелері.

Расында да бұл саяхат көптеген пионерлер мен мектеп оқушыларына қызықсыз болып көрінді. Бұл өзенде олар көріп білетін, зерттейтін ешнәрсе жоқ секілденді.

— Біз бұл өзеннен не көрмекпіз? Оданда алысқа, сонау Жонғар Алатауы аңғарлары арасына барайық. Сонда ғана көп нәрсені біліп, көптеген жаңалықтар ашуға болады, — десті олар.

Бұл таласқа аға вожатый келіп араласты.

— Рас, — деді ол, — Көксу өзені мен «Тоқтамыс» сарқырамасы көп картада жоқ. Ол ештеңе емес. Сендер бұл өзенде қандай жәндіктер өмір сүретінін білесіңдер ме?

— Жоқ.

— Қандай өсімдіктер өсетінін білесіңдер ме?

— Жоқ.

— Ал, оның жағасында не бар? Оны да білмейсіңдер. Ал, осылардың бәрін білу керек пе?

— Керек.

— Ендеше, — деді вожатый, — бұл жорықты қызықсыз деуге болмайды. Ертеңнен бастап жорыққа шығуға дайындала бастандар.

Таластың түйіні осымен шешілді. Отряд жорыққа дайындала бастады. Бұл өткен жылдың май айы еді.

II

Отряд саяхатқа ұзақ дайындалды. Отряд мүшелері саяхаттың маршрутын жасады. Жол жабдықтарын дайындады. Жорық жоспарын жасауда оларға мектеп оқытушылары мен аға пионер вожатыйы көп көмектесті. Олар Көксу өзенінің жаратылыс байлығы жөнінде көптеген кеңес берді, жорыққа дайындалу жолдарын үйретті.

Жорыққа қатысушы — мектеп оқушылары мен пионерлер жорыққа керекті кітаптарды оқып шықты. Олардың ішінде академик В. А. Обручевтің «Материктер мен таулардың пайда болуы» деген кітабы, Ж. Фабрдың «Жәндіктердің өмірі» деген кітабы, Шнитниковтың «Табиғат зерттеушінің жазғандары» деген кітаптары бар.

География, биология және тарих сабағынан беретін мұғалімдер жорықты ұйымдастыру туралы саяхатқа қатысушылармен арнаулы әңгіме өткізді, баяндама жасады.

Пионер вожатыйы жорыққа керекті жол жабдықтарын әзірлесті, балалар өздерінің күшімен зат салатын қапшық, консерв қорабынан котелок жасап алды. Өсімдіктер гербарилары, минералдардың коллекцияларын салатын клеткелі жәшік те дайын болды. Сол сыяқты қасық, балта, балға, арқан, ине, жіп, сіріңке, қағаз, қарындаш, тағы басқа заттар тауып алды. Пионерлер жорықта жүргенде ас пісіруді, күрке жасауды үйренді.

Жорыққа дайындалу ісі әбден аяқталды. Оқу жылы бітті. Пионерлер Көксу өзенінің бойына саяхатқа шықты.

III

Отряд Шұбар селосынан таңата аттанды. Шұбатылған пионерлер тізбегі ілгері жылжып, тауды-тасты, орман-тоғайды, белді басып өтті. Отрядтың алдында 10 нұсқаушы пионерлер жүрді. Бұлар бұрын осы Көксу бойымен барлауға шығып келген болатын. Оларға Көксудың әрбір сарғасы, саласы, ойы-қыры таныс еді.

Әрбір нұсқаушы пионерлер жорық киімін киген, олардың арқаларында қапшық, қолдарында таяқ.

Міне, отрядты бастап келе жатқан мұғалім:

— Тоқтандар, дем алыңдар! — деп команда берді. Балалар арқаларынан қапшықтарын босатып, жерге қойды, өздері дем алып отырды. Осы кезде нұсқаушы пионер Керімтай Имантаев ортаға шықты. Ол, компасқа, жұлдызға, күнге және басқа заттарға қарап, төрт құбыланы қалай айыруға болатынын түсіндірді.

— Ал, қалтада компас жоқ, күн тұман дейік, сонда құбыланы қалай айыруға болады, — деп сұрады біреуі.


— Ол уақытта, — деді Керімтай, — сағатқа немесе ағаштың түбіне қарап айыруға болады.

Осы кезде:

— Сапқа тұрыңдар! — деген команда берілді. Пионерлер әрқайсысы өз орындарына тұрды. Тізбек тағы алға жылжыды.

Жас табиғат зерттеушілер Көксу өзенінің бойындағы хаюанаттар және өсімдіктер дүниесімен танысты, өзеннің тереңдігін, ағысын өлшеді. Жас ботаниктер гүлді өсімдіктермен, тағы өсімдіктердің гербариларын жыйнады, оларлы кептіріп арнаулы жәшіктеріне салды.

Жас геологтар өзеннің жағасындағы тау жыныстарын зерттеді, топрақтарымен танысты, пайдалы қазба байлықтарының көптеген коллекцияларын жыйнады. Балалар жолшыбай көрген білгендерін жорық дәптеріне жазып отырды.



«Тоқтамыс» сарқырамасы

Міне, алдымызда темір жол жатыр. Біз оның салыну тәртібін, рельс төсеу тәсілін және оны жөндеу жұмыстарымен таныстық. Жорықты басқарушы мұғалім бізге еліміздің халық шаруашылығының өркендеуі үшін темір жолдың маңызын, бесжылдық жоспар бойынша елімізде қанша километр темір жол салынатындығын айтты.

Біз Көксу өзенінің бойын жағалап отырып «Тоқтамыс» сарқырамасына келдік. Бұл қандай тамаша жер! Қарасаң көзің тоймайды, оның көркем табиғат көрінісі, сарқырап аққан суының сарыны бізді қызықтырды. Біз екеуіміз «Тоқтамыс» сарқырамасының қарындашпен суретін салдық.

— Шіркін, осы жерге электр станциясын орнатса! — деген қыял бәріміздің де көңілімізге келді. Бірақ, бұл орындалатын арман.

Біздер сапарымыз сәтті болып, жорықтан олжалы қайттық. Мектебімізге көптеген хаюанаттар мен өсімдіктер гербарийларын және қазбалы кен байлықтарының көптеген түрлерін әкелдік.

М. ӘДІЛБАЕВ, З. АБДУЛЛИН.

Талдықорған облысы, Қиров ауданы, Шұбар орта мектебі.

РАДИОНЫ ОЙЛАП ШЫҒАРҒАН БІЗДІҢ ЕЛДІҢ ҒАЛЫМЫ



А. С. Попов

Радио ғылым мен техниканың үлкен жетістігі, байланыс құралдарының ішіндегі ең қуаттысы.

1895 жылы орыстың ұлы ғалымы Александр Степанович Попов радионы байланыс құралына пайдалануға лайықтап ойлап шығарды.

Попов өзінің бұл ойлап шығарған радио қабылдағышын «грозоотметчик» деп атады. Сондықтан 1895 жылғы 7 май радионы ойлап шығарылған күн деп есептеледі және орыстың ұлы ғалымы А. С. Попов бірінші рет жер жүзінде радионы ойлап шығарғандықтан біздің ел радионың отаны деп аталады.

1895 жылы 24 мартта Попов өзінің жолдасы Рыбкинмен сол ойлап шығарған радио аспаптары арқылы дүние жүзінде бірінші рет «Генрих Герц» деген сөздерді 250 метр жерге радиogramма етіп береді.

1900 жылы 18 августа Парижда болған халықаралық электротехникалық көрменің төрешілері А. С. Поповты, оның ойлап шығарған радио-аспабы үшін үлкен алтын медаль және дипломмен наградтайды. Сол кездерде сымсыз байланыс құралын табу жөнінде зерттеу ісін жүргізген Италияның адамы Маркони өзінің аспаптарының схемасын тек 1897 жылы июнь айында ғана «Электришен» деген журналда жариялайды. Бірақ, схема Поповтың 1895 жылғы 7 майда орыстың физика-химиялық қоғамының физикалық бөлімінің мәжілісінде және 1896 жылы январь айында жариялаған схемасының көшірмесі болып шыққан еді. Поповтың схемасына Марконидың өз тарапынан қосқаны жоққа тән еді. Бұл радионы дүние жүзінде бірінші рет Поповтың ойлап шығарғандығына даусыз дәлел.

1897 жылдың март айында Попов Кронштадтағы су кемелеріне радио арқылы байланыс тәжірибесін жүргізіп, 600 метр жерден хабарласып көреді және сол жылдың аяқ кезінде «Африка», «Европа» атты кемелердің арасында 5 километр жерге радио байланысы жасалынады.

1899 жылы август, сентябрь айларында Қара теңіздегі су кемелері араларында жүргізген тәжірибелерінің нәтижесінде 22 километрге дейін радио байланысы созылады. 1900 жылы февраль айында Гогланд-Котка аралдары арасында радио айланысы 44 километрге жетеді. Оның мақсаты Гогланд аралының маңында тасқа отырып қалған броненосец «Генерал адмирал Апраксин» кемесін апаттан аман сақтап қалу еді.

Россияда радио ісінің алға басып өркендеуі ұлы көсемдеріміз Ленин мен Сталиннің есімдеріне тығыз байланысты. Ұлы Октябрь Социалистік Революциясының алғашқы күндерінің өзінде большевиктер партиясы қолда бар радио аспаптарын солдаттар мен матростар арасына үндеу таратуға жұмсады.

1917 жылы ноябрьдің 7 күні сағат 10 да «Аврора» крейсерінің радиостанциясы бүкіл жер жүзіне: «Уақытша үкмет құлатылды, үкмет билігі Петроград жұмысшы-солдат депутаттары советтерінен құралған әскери революциялық комитеттің қолына көшті», — деп хабар таратты.

Ленин Советтік Россияны радиоландыру жұмысына шұғыл кірісті. 1918 жылы Ленин Нижний-Новгородте радио лабораториясын құру жөнінде декретке қол қойды.

Владимир Ильич елімізде қуатты радиотелефондық станциялар салу жөнінде берген нұсқауларында радионы «қағазсыз және аралықсыз газет» деп бағалады.

1922 жылы Нижний-Новгородте сол кезде жер жүзінде бірінші орын алатын бірінші советтік радиостанция салынды. Сталин жолдас совет елін радиоландыру, жаңадан радио өндірістерін салу жұмысына қатты көңіл бөлді, совет елінде «Коминтерн» атындағы, «Светлана» тағы басқа бірнеше радиозаводтар салынды.

Сталиндік бесжылдықтардың нәтижесінде совет елі дүние жүзілік екінші соғыстың бас кезінде радиостанциялардың барлық күштерін қосып есептегенде, Европада бірінші орын алды. Большевиктер партиясы мен совет үкметінің үздіксіз басшылығы

арқасында еліміздің радиотехникасы күн санап алға басуда.

Совет Одағы өзін радиомен хабар тарату ісінің (радиовещание) пионері деп атайды. Өйткені бірінші радио-концерт біздің елде 1922 жылы 17 сентябрьде болды, ал Англияда сол жылы ноябрь айында, Францияда декабрь айында, Германияда 1923 жылы октябрь айында болды.

Қазіргі кезде совет елінің толып жатқан радиостанциялары күнбе-күн 70 тілде хабарлар береді.

Радиомен хабар таратудың кейінгі кезде кең көлемде қолданыла бастаған түрі телевидение. Телевидение арқылы сөйлескенде, сөйлеушілердің бірінің бейнесі біріне көрініп тұрады. Оның тұңғыш хабары, біздің елде 1931 жылы 29 апрельде берілді. Ал, 1934 жылдан бері еліміздің ірі қалаларына телевидение аппараты үздіксіз хабар беріп келеді.

Кейінгі кезде радионың жаңа қолдану түрі—радионавигация, радиолокация шықты.

Радионавигация-самолет пен су кемелерін айсыз қараңғы түнде, тұманды күнде, әуе райына қарамастан, алған бет алысынан жаңылдырмай отырып, баратын жеріне тура апарды.

Радиолокация — бірнеше километр жерде келе жатқан самолеттің яки су кемелерінің қаншалық қашықтықта келе жатқандығын анықтап көрсетеді.

Радиолокацияның принципіне байланысты радиодальномеры және радиовысотомеры дейтін ерекше аспаптар шығарылды. Радиолокаторды аспапға ататын зеңбірекке орнатып, қолданғанда, зеңбіректен атқан оқтың жау самолеттеріне тиімпаздығы артатындығы анықталып отыр.

Сталин жолдас халық шаруашылығын өркендету және халықтың мәдениетін көтеру жөнінде радио ең үлкен маңызды құралдың бірі деп бағаберді. Соғыстан кейінгі бесжылдықтың ақырында, былайша айтқанда 1950 жылы соғыстың бұрынғы дәуірімен салыстырғанда, біздің еліміздің радио сеті 75 процент артады.

Совет халқы быйыл 1948 жылы 7 майда А. С. Поповтың радионы ойлап шығарғанына 53 жыл толғанын тойлағалы отыр. Сондықтан біз кеменгер ғалым А. С. Поповтың елімізді радиоландыру жөніндегі ерекше еңбегін әрқашанда еске ұстап, оның есімін аса жоғары бағалаймыз.

Б. Жетпісбаев.

„КӨКТЕМ“



Жақында ақын Қалижанның «Көктем» атты өлеңдер жыйнағы басылып шықты. Басып шығарған Қазақтың Біріккен Мемлекет Баспасы.

Қалижан он шақты жылдан бері қазақтың әдебиет майданына араласып жүрген алдыңғы қатарлы ақындарымыздың бірі. Ол Ленин—Сталин комсомолы қатарында тәрбиеленіп, бойына қуат, ойына нәр алған жастардың сүйікті ақыны.

Қалижан Отан соғысына дейінгі сөзі жатық, тілі көркем, идеялы, әсерлі бірнеше өлең-поэмаларымен көзге түсіп, Қазақстан жұртшылығына танылған ақын.

Қалижанның 1944 жылы «Шеру» атты өлеңдер жыйнағы басылып шықты.

Біздің танысқалы отырған «Көктем» атты жыйнағына, ақынның 1945-47 жылдары жазған өлеңдері енген.

Жыйнақ екі бөлімнен құралған: біріншісінде, — ақын елімізде Ұлы Отан соғысынан кейінгі істеліп жатқан сталиндік төртінші бесжылдықтағы алып құрылыс, совет адамдарының коммунистік қоғам құру жолындағы, еңбектегі ерлік істерін, жанқиярлық күрестерін суреттесе, екінші бөлімінде, — Отан соғысы тұсындағы совет халықтарының жауға деген өшпенділігін, фашизмге қарсы ерлік күресін, еліміздің батыр ұлдарын бейнелейді

Ақын, соғыстан кейінгі еліміздің қаласы мен даласындағы қайнаған еңбекті, өскелең колхоз-совхоз өмірін, көрікті көктемдей, көсілген ұлы Отанды жырлайды.

Төртінші бесжылдықта игілікті істі игерген, өнімді табыстарға қолдары жеткен еңбек озаттарын, стахановшыларды, өркені өскен, күнбе-күн дамып алға басқан Отанымызға жоспардан тыс мыңдаған тонна астық тапсырған мәдениетті, колхозды аулымыздың жарқын көркін суреттейді.

Қалижан жыйнақтағы «Қолхоз елім», «Қой қорада», «Келте масат», «Бетпақ дала», «Сырдария көкпары» атты өлеңдерінде Қазақстан жеріндегі тұрғызылып жатқан алып заводтарды, колхоз даласының өрлеп алға басып жыр етеді.

Ақын «Жыйырма сегіз» деген өлеңінде «Россия кең, шегінер жер жоқ, артымызда — Москва» деген жалынды үнмен Отан, үшін, ұлы Сталин үшін жауына жай оғындай атылған совет батырларының батыр бейнесін береді. Большевик партиясы, ұлы көсем Сталин тәрбиелеген отаншыл алып батырлардың өлімдерінің өзінде өмір бар, елі үшін күрескен ердің даңқы, батыр есімі ғасырлар бойы сақталады. Ер өлмейді. Отанның бостандығы мен тәуелсіздігі жолында қаза тапқан батырлардың даңқы мәңгі өшпейді, өйткені олардың елі-жұрты естен шығармайды:

«Кетпес естен даңқы мәңгі,
Көктері тұр кеудемізде.
Сақтау үшін Ұлы Отанды
Аямаймыз жанды біз де!»

Жыйнақтың осы екінші бөліміндегі «Таң алдында», «Партбилет» «Қызыл нажағай», «Партизан анасы» және т. б. өлеңдері жастарды дұшпанға кектендіріп, ерлікке, Отанға, коммунизм ісіне шексіз берілушілікке шақырады.

«Көктем» жыйнағы көркемдік идея жағынан да, оқыйғалардың шебер суреттелу жағынан да оқушы жұртшылықты тартарлықтай өте құнды жыйнақ болып шыққан.

«Маған бақыт — тұрса сөнбей өмірдей
От секундтай жүрегімді жандырып,
Маған бақыт — шықса өлеңім лебіндей
Сталиндік замананың мәңгілік!»

деп ақынның өзі айтқаныдай, біз, Қалижан ағамыз балаларға арнап жақсы-жақсы шығармалар жазып береді деп сенеміз.

Р. НАРЕШЕВ.

ДИЗЕЛЬДІ ТРАКТОР

Ұлы Отан соғысына дейін біздің елімізде трактор жасап шығаратын завод үшеу болатын. Олар: Челябин, Сталинград және Харьков трактор заводтары еді. Ал, қазір соғыстан кейін біздің елімізде трактор жасап шығаратын жаңадан тағы үш завод салынды. Олар: Алтай, Липецк және Владимир трактор заводтары. Бұл заводтар қазірдің өзінде-ақ оқ мыңдаған тракторлар жасап шығарды.

Бұлардан басқа жаңадан Минск трактор заводы салынып жатыр. Жуырда бұл завод та қатарға қосылып, елімізге өзінің алғашқы тракторларын бере бастамақ.

Сталиндік төртінші бесжылдықта тек трактор жасап шығаратын заводтардың саны ғана көбейіп қойған жоқ, сонымен қатар тракторлардың түрі де көбейді, сапасы жақсарды. Аз жылдың ішінде-ақ біздің конструкторларымыз трактордың көптеген жаңа түрлерін ойлап шығарды. Солардың бірі-дизельді тракторлар. Тіпті дизельді трактордың өзі әртүрлі. Соның бірі-жаңадан жасалып шыққан жылаңбауыр дизельді трактор «СТАЛИНЕЦ—80». Бұл ауыл шаруашылығында пайдаланып жүрген осы күнгі тракторлардың ішіндегі ең күштісі болып саналады. Оның қозғағыш күшінің қуаттылығы — 93 аттың күшіне тең. Дизельді трактордың бес түрлі жүріс жылдамдығы бар, яғни, ол сағатына 2,25 километрден 9,65 километрге дейін жүре алады. Ал, кейін қарай төрт түрлі жүріс жылдамдығы бар, яғни ол артына қарай сағатына 2,66 километрден 8,75 километрге дейін жүре алады.

«Сталинец — 80» тракторы үшінші жылдамдықпен жүргенде (сағатына 5,14 километр) соңына мынадай машиналар мен құралдарды тіркеп алып, мынадай жұмыстар істей алады: Мысалы: ол тереңдігі 20 — 22 сантиметр етіп жер жыртқанда—14 тісті соқаны және 6 тырманы еркін тарта алады, тұқым сепкенде — 6 сеялқаны соңына тіркеп тартып жүре алады, ал жерді жұмсартқанда — 4 УК культиваторды және 16 тырманы тарта алады.

Өзінің осы аса қуаттылығына қарағанда, дизельді трактор жеңіл. Оның салмағы небәрі 11,5 тонна ғана.

Сталиндік төртінші бесжылдықта жасалып шыққан жылаңбауыр дизельді трактордың екінші түрі — «Кировец — Д — 35». Бұл тракторды көбінесе жаңадан салынған Липецк трактор заводы жасап шығарады.

АЛМАТЫ ХАЮАНАТТАР БАҚШАСЫНДА



МАЗМҰНЫ

бет.

Т. Жароков — Көтерді ұрпақ тулары (өлең).	1
П. Заломов — Қырық алты жыл бұрын	3
Карл Маркс	3
К. Қалымова — Біздің мектеп.	4
Ж. Молдағалиев — Жеңіс ұланы (дастан).	6
М. Тынбай — Жазғы кеш (өлең).	7
С. Бақбергенов — Азамат (повесть, жалғасы).	8
Совет Одағының барлық пионерлері мен мектеп оқушыларына.	11
Ж. Әмірбеков — Шүйінші (өлең).	12
Қ. Уябаев — Ескерткіш (өлең).	12
Ж. Ахметов — Май күні (өлең).	12
С. Сейтов — В. Г. Белинский (екінші мақала).	13
Ерлер мен орденділер колхозы.	15
Ж. Қонақбаев — Жазғы таң (өлең)	17
Біздің почта.	18
Баскетбол ойнағандар.	21
Б. Жетпісбаев — Радионы ойлап шығарған—біздің елдің ғалымы.	22
Р. Нарешев — «Көктем».	23
Дизельді трактор.	23
М. Зверев — Алматы хаюанаттар бақшасында.	24
Білгім келеді.	

Мұқабаның бірінші бетіндегі суретті салған Қ. Баранв, төртінші бетіндегі суретті салған В. Нессерев.

Редколлегия мүшелері:

Т. Абдрахманов (редактор), Н. Ахметова, Ә. Бектұров, Қ. Борамбаев, Қ. Жармағамбетов, М. Иманжанов, Ә. Сәрсенбаев, Ә. Сытдыков, А. М. Черкасский.

Тех. редактор А. К. Доморошин

Редакцияның адресі: г. Алма-Ата, проспект Сталина, 73. Редакция журналы «ПИОНЕР».

Подписано к печати 20-V 1948 г.
УГ01721 Объем 3 п. л. Тираж 1000.
Гостипография № 3. Управления полиграфии и издательств при Совете Министров КазССР г. Алма-Ата
Проект Ленина 2. Заказ № 403

Көктем күндерінде Алматы хаюанаттар бақшасындағы жәнуар мен жәндіктердің де арқасы жылып, қыстың қыспағынан құтылғанына мәз-мәйрам болуда. Ертеңгісін бақшадан құстардың сан алуан даусын естисің. Әсересе, зор дауысты қызыл үйректердің «әні» басқалардан бұрын естіледі. Көктем таңының жәй ескен самал желі оның сауықшыл үнін алып ұшып әлде қайда алысқа әкетуде.

Құс біткеннің көріктісі аққулар да суда маңғаздана жүзіп жүр. Мұнда сан түрлі құстар бар. Олардың әрқайсысының өсіп үйренген мекендерінің әуе райы да, жер жағдайы да алуан түрлі. Бірақ, олар қазір Алматы хаюанаттар бақшасына үйреніп, оны өзіміздің мекеніміз деп санайды. Мәселен мұндағы қызыл үйректер даладағы көлдерде өсіп-өнеді. Олар жұмыртқалайтын кездерінде ұяны борсықтың не түлкінің ескі індеріне, жар қабақтың жарықтарына салады.

Бұрын, үйрек балапандарын суға өздері жеткізеді деп ойлайтынбыз. Ақыры олай болмай шықты. Туғанына бір күн болған балапандар көлге өздері жетіп бара алады: биік жартастағы ұядан жас балапандар шығады да, төмен құлайды. Бұдан балапан мый болып езіліп, өліп қалады деп ойлауға болар еді. Бірақ, балапан өлмейді. Қайта тез тұрады да, көлге қарай жүгіре жөнеледі. Сүрініп құлап бара жатса, кішкене қанатын қағып өзін құлатпайды.

Бақшадағы түйяқты аңдардың көбі қазір түлеп болды. Олар түлегенде бойындағы ескі жүндерін бірден түгел тастамай, алалап тастады. Марал, елік, таутеке және арқар тегіс түлеп болды. Құлжалардың бұрынғы ескі мүйіздері түсіп, оның орнына жаңа, әлі өсіп қатып жетпеген мүйіз шықты. Қарасұр түлкінің балалары да қара болып келеді, тек құйрықтарының ұшында ғана кішкене ағы бар. Бұлар өте ойыншыл келеді, тыным таппастан бірін-бірі қуып, алысып ойнайды да жүреді.

Бақшада Австралиядан әкелінген тоты құстар да бар. Бізде қыс болған кезде Австралияда көктем, бізде көктем болғанда онда қыс болады. Ал, тоты құс көктем кезінде жұмыртқалайды. Осы әдеті бойынша, мұндағы тоты құстар қыстың ортасында жұмыртқалаған еді. Ол балапандар қазір ұшып жүр. Тоты енді екінші рет жұмыртқа салуға кірісті.

Балалар Алматы хаюанаттар бақшасынан көп қызық нәрселер көріп біледі. Көктем күндері — бақшаға экскурсия жасап баруға ең қолайлы мезгіл.

М. ЗВЕРЕВ.



Алматы хаюанаттар бақшасында: түлкінің күшіктері мен аққулар. Суретті түсірген П. РЕДЬКО.



Оңтүстік Қазақстан облысы Шәуілдір ауданындағы Жамбыл атындағы қазақ орта мектебінің оқушысы Өзбекәлі ЖӘНІБЕКОВтың сұрауларына жауап.

ЖЕРДІҢ ҚАНША ЖЫЛ ЖАСАҒАНЫН ҚАЛАЙ АЙЫРАДЫ ЖӘНЕ ЖЕР БУДАН БЫЛАЙ ДА СУЫНА БЕРУІ МҮМКІН БЕ?

Адам баласы жердің үстінде тұрса да, оның ішкі қабатын толық зерттей алған жоқ. Тек қана жер астын 2000-3000 метрге дейін қазып барды. Геология ғылымы жер қыртыстарын тексеру арқылы жер радиусының 20 шақырымдай мөлшерін анықтады. Ал, қалған бөлімі тексерілмегендіктен, жердің қанша жыл жасағанын дәлелдеу қиын.

Жердің тереңдігі үшке бөлінеді. Оның бірінші қабаты 1200 километр, екіншісі — 1700 километр, үшіншісі — 3400 километр деп есептеледі. Жердің бірінші қабатын қатты қабатты дейді. Қатты қабаттан соңғы аралық қабатты рудалы қабат дейді. Себебі оның құрылысында темір, хром, магний көп.

Ал, үшінші қабатты көп уақыт газ сыяқты балқыған сұйық заттан тұрады деп келген. Әрбір 100 метр тереңдікте үш градус жылылық қосылып отырады деген ұғым бар. Сол ұғым бойынша жердің ішкі қабатында 200000 градус жылылық бар деген қортынды жасауға болады. Бертин келе радий, уран, торий т. б. элементтер жердің үстіңгі қабатынан да табылып, олар үнемі өз бойынан жылылық шығарып тұратындығы анықталды. Сондықтан жердің ішкі қабатының жылылығы 2000-4000 градустан аспайды деп есептеледі. Сонымен жердің сыртқы қабатының температурасының өзгеруі радиоактивті заттардың (радий, уран, торий) бір түрден екінші түрге ауысып, жылылық шығаруына байланысты. Яғни жер бірте-бірте суына береді деп қортынды шығаруға болмайды. Бұл әлі шешілмеген мәселе.

Жердің қанша жыл жасағанын есептеп шығару да өте қиын. Жердің жасын мөлшерлеуге тұңғыш рет ағылшын оқымысы Галлей деген астроном 1715 жылы түрлі болжаулар жасап, есептеп көрген. Оның есебі теңіз суына тұз жыйналу мөлшеріне байланысты болған. Сондықтан ол әдіс кейін жарамсыз болып қалды. Одан кейін жердің үстіндегі қыртысында пайда болған шөгінділердің биіктігіне қарап есептеген. Бұл әдіс бойынша есептегенде, жер жүздеген миллион жыл өмір сүрді деп келген.

Бұл екі болжаудан көрі дәлірек әдіс—радиоактивті элементтердің өзгеруімен есептеу болып табылады. Радиоактивті элементтің бірі уранның қорғасынға айналуына өте көп уақыт кетеді екен. Әрбір 66 миллион жылда бір килограмма уранның бір проценті қорғасынға айналады. Бұл өзгеріс тәжірибе дәлелдерінде ең жоғарғы суық (273 градус) және ең жоғарғы ыстық температурада да бір қалыпта болады. Сондықтан радиоактивті элементтердің атом құрылысының өзгеруі уақыт мөлшеріне алуға тұрақты өлшем бола алады. Бұл әдіспен есептегенде ең ескі жер қыртысының жасы 1500—3500 миллион жылға жетіп отыр. Сонымен ғылым жердің сыртқы қабатының пайда болғанына үш миллиардтай уақыт болған деп мөлшерлейді.

ҚАЗАҚСТАНДА ТҰҢҒЫШ РЕТ СОВЕТ ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ АТАРЫН АЛҒАН КІМ?

Қазақстандықтар Совет Одағы Батыры атағын тұңғыш рет Ұлы Отан соғысы жылдарында алды.

1941 жылдың ноябрь айында қазақстандықтардан құрылған генерал Панфилов басқарған 8-атқыштар дивизиясының жауынгерлері отанымыздың жүрегі—Москва қаласын жаудан қорғады.

Осы даңқты дивизияның бір полкінің 29 адамын құралған бөлімше 1941

жылы 16 ноябрь күні немістің автоматчиктерімен урыс жүргізіп, Дубосеково разьезін қорғап тұрғанда, жау танкілері оларға шабуыл жасады. Жыйырма тоғыздың біреуі әскери атынан айнып, жауға берілмек болғаны үшін, жолдастары оны атып өлтірді. Қыруар неміс танкілері мен жыйырма сегіз совет жауынгерінің арасында керемет жекпе-жек урыс болды. Бұл тажап урыста біздің жігіттерді саяси жетекші Клочков-Днев басқарады. Оның «Россия кең, бірақ шегінуге жер жоқ—артымызда Москва!» деген белгілі сөзі сонда айтылған. Олар аз уақытты ішінде жаудың бірнеше танкісінің құлаққанын шығарды. Өшіккен жау екінші ретте шабуылға 30 танкі шығарды. Жыйырма сегіз батыр тайсалмай урысын, жаудың танкілеріне тағыда тойтарыс берді. Осы жанқиярлық урыста атақты жыйырма сегіз-батырдың жыйырма алтысы қаза тапты. Бірақ, неміс танкітері Москваға беттей алмады.

СССР Одағы Жоғарғы Советі Президиумының 1942 жылдың 21 июльдегі Указы бойынша, командованиеның бұйрығын бұлжытпай орындап ерлікпен күрескен 28 жауынгерге Совет Одағының Батыры деген атақ берілді. Солардың ішінде Есбулатов Нарсұтбай, Қосаев Әліпбай, Қожабергенов Асқар, Сентірбаев Мұсабек қазақтан тұңғыш Совет Одағының Батыры атағын алғандар.



Панфиловшы жыйырма сегіз батырдың неміс танкітермен жекпе-жек айқасы.

465339



Карсы алсаң жаз бен Майды бестікпенен,
Ашылар нұрлы жаздың есігі кең.

Шырмалсаң шырмаунқтай емілікпен,
Май күні жүзің жарқын болсын неден.